



МӘМС: Облыстың әлеуеті жоғары

2



Оқушы саны 10 мыңға артты

3



Жиенбай жырау

4



Үш бақытым бар менің алақанда

6



Сыр бойы



№125 (19803)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

<https://twitter.com/syrboyi>

www.instagram.com/syrboyikz

22 тамыз /БЕЙСЕНБІ/ 2019 ЖЫЛ



САЯСИ КЕҢЕСТЕ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР КӨТЕРІЛДІ



Кеше Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті.

Басқосуға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Саяси кеңес Бюросының мүшелері, Үкімет мүшелері, Мәжіліс пен мәслихаттардағы фракция өкілдері, партияның өңірлік филиалдарының басшылары және олардың орынбасарлары, бастауыш партия ұйымдарының өкілдері қатысты.

Кеңейтілген отырыста қай тартибіне сәйкес партияның сайлауалды бағдарламасы мен съездерде қабылданған шешімдердің орындалу барысы, партия жұмысын жаңғырту және Саяси кеңес Бюросының құрамына өзгерістер енгізу мәселелері талқыланды.

Елбасы ел дамуының стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін партияның қоғамды жұмылдыру үдерісінде маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Нұрсұлтан Назарбаев сайлау заңнамасын реформалау нәтижелеріне тоқталып, қабылданған пропорционалды жүйе озық әлемдік тәжірибеге сай келетінін және демократияны дамытуға септігін тілгезетінін айтты.

«Nur Otan» партиясының Төрағасы алдағы сайлаудың конституциялық мерзімде өтетіндігін тағы бір мәрте атап өтті.

Қазір Үкімет пен бүкіл атқарушы билік білек сыбанып, «Nur Otan» партиясы мен жаңадан сайланған Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың сайлауалды үзделерін орындауға, адамдардың нақты проблемаларын шешуге тиіс. Ең алдымен, өңірлерде жұртшылықпен тығыз жұмыс істеу қажет, – деді Елбасы.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті «Сенім. Диалог. Болашақ» нық қадам – «Nur Otan» партиясының 7 серпіні» атты партия жұмысын жүйелі жаңғырту бағдарламасын ұсынды.

Атап айтқанда, Елбасы бағдарламаға сәйкес партияның белсенді мүшелерін топтастыру, жемқорлықпен күресті күшейту және партиядан лайықты емес мүшелерді шығару үшін шаралар қабылдауды, барлық деңгейде партия органдарының әлеуетін мейлінше жүзеге асыруды, биліктің барлық деңгейінде партиялық жауапкершілікті арттыруды тапсырды.

Партияның Мәжілістегі фракциясының жұмысын барынша күшейту керек. Бұл партия міндеттерін орындаудың және атқарушы органдарға ықпал етудің негізгі тетігі. Фракцияның мәртебесін көтеру үшін оның жетекшісі лауазымына Мәжіліс Төрағасы Нығматуллин Нұрлан Зайрұллаұлы сайлауды ұсынамын. Ол Мәжілістің спикері ретінде алға қойылған мақсаттарға

қол жеткізу және фракция жүзеге асыруға қажетті барлық ресурстарды жұмылдыра алады, – деді Елбасы.

Сонымен қатар, Нұрсұлтан Назарбаев халықпен нақты жұмыс істеу қағидатын енгізуді, қарқынды ақпараттық-идеологиялық жұмысты ұйымдастыруды және партия төңірегіне жастарды біріктіру үшін шаралар қабылдауды ұсынды.

«Қазіргі таңда «жаңа» медиа саласында шынайы жаһандық ақпарат таратушы арналар көбейіп келеді. Жергілікті, қарапайым мәселелер республикалық деңгейге дейін көтерілуде. Қоғамдық санада жалған түсінік қалыптасуда. «Nur Otan» өзінің ақпараттық стратегиясын түбегейлі қайта қарауы қажет. Партияның бұқаралық ақпарат құралдары объективті және жедел ақпарат көздеріне айналып, халықтың сеніміне не болуға тиіс, – деді партия Төрағасы.

Сондай-ақ, Қазақстанның Тұңғыш Президенті ел алдында тұрған экономикалық проблемаларға тоқталып, тұрақты өсімді қамтамасыз ететін жаңа шаралар ұсынды.

Атап айтқанда, Елбасы бизнес үшін салық ауыртпалығын төмендету арқылы экономикаға салықтық ынталандыру тетіктерін енгізуді ұсынды.

Сондай-ақ, бюджет саясатын қайта қарау қажет. Мемлекеттік сатып алулар ашық емес және сыбайлас жемқорлық жаппай белең алған салаға айналды. Құны 1,8 триллион теңгені құрайтын мемлекеттік сатып алулардың 65 пайызы бір көзден жүзеге асқан. Мемлекеттік сатып алулар туралы заңды өзгерту керек, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сонымен бірге, Қазақстанның Тұңғыш Президенті белсенді сауда саясатын жүзеге асыру және қаржы секторын тұрақтандыру шараларын қабылдаудың маңыздылығын атап өтті.

Қазіргі таңда жасанды интеллект алдыңғы қатарға шықты. Оны тиімділікпен барлық саласына енгізу ауқымы жағынан уранның бөлінуі туралы жаңалықты ашумен тең. Жасанды интеллект денсаулық сақтаудан бастап, өндіріс пен қаржы секторына дейінгі барлық саланы түгел транс-

формациялайды. Жасанды интеллект жаңа әлемдік тәртіп орнатып, жаңа жаһандық көшбасшылар мен аутсайдерлерді айқындайды. Сондықтан біз оны қолдау үшін қазірден бастап ауқымды және жүйелі шаралар қабылдауымыз қажет, – деді партия Төрағасы.

Нұрсұлтан Назарбаев жасанды интеллектті жан-жақты дамытуға мүмкіндік беретін заңнамалық база әзірлеуді, сондай-ақ, осы саланы кәсіпкерлік және ғылыми тұрғыдан қолдау үшін экожүйе қалыптастыруды ұсынды.

Партияның күнделікті жұмысын айтарлықтай жандандыру керек. Біз үлкен деректер мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалана отырып, халықтың сұранысына алдын ала жауап беруді үйренуіміз керек, – деді Елбасы.

Сонымен қатар, отырыс барысында Партия Саяси кеңесі Бюросының жаңа мүшелері ретінде «Егемен Қазақстан» республикалық газетінің басқарма төрағасы Д.Қыдырәлі және «Жас Отан» жастар қанатының көшбасшысы Д.Кәрібек сайланды.

БІЛІМ Кадрлық өзгерістер

«Nur Otan» партиясы Саяси кеңесі Бюросының отырысында «Nur Otan» партиясының тізімі бойынша Парламент Мәжілісі депутатының мандаты ҚР Премьер-Министрінің орынбасары болған Гүлшара Әбдікальқоваға тапсырылды.

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары лауазымына бұған дейін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі қызметін атқарған Бердібек Сапарбаев тағайындалды. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі қызметіне Біржан Нұрымбетов тағайындалды.

Кәсіпкерлік негіздері тегін оқытылады

Осы жылдың 1 қыркүйегінен бастап жоғары курстардағы 100 мың студент кәсіпкерлік негіздерін тегін оқи алады. Бұл туралы «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында Үкімет басшысы Асқар Мамин мәлім етті.

Үкімет басшысының айтуына қарағанда, азаматтарды жұмыспен қамту бағдарламаларына көптеп тарту үшін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында 15 мобильді жұмыспен қамту орталығы ашылған. Жыл соңына дейін ондай орталықтар тағы 15 жерде жұмысын бастайды.

Айыппұл салынбайтын болды

28 тамыздан бастап Қазақстандағы жолаушылар пойызының билетін қайтаруға айыппұл алынпай тасталды. Бұл туралы «Жолаушылар тасымалы» АҚ атқарушы директоры Едіге Мыханов баспасөз мәслихатында айтты.

Жаңа ережелерге сәйкес, жолаушының жол жүру билетін қайтарғаны үшін төленетін 1000 теңгені құрайтын айыппұл алынпай тасталды. Бұл норма алыпсатарлардың жаппай билет өткізу жағдайларын төмендетуге мүмкіндік береді, – деді ол. Бұған дейін заңды тұлғалардың бір орнында резервке қоюына 290 теңге алынатын. Кемінде 10 адамға топтық билет алуға заңды тұлға жол жүруге 6 күн қалғанына тізімнің тең жартысына дейін өзгеріс енгізе алады. Бір тәулік қалғанына билетті өткізсе, толық құны қайтарылады. Бір тәуліктен азырақ уақыт қалса – 30, 6 сағаттан кем уақыт қалса, 50 проценті ұсталады. Одан бөлек, заңды тұлғалар тапсырысты электрондық цифрлық қолтаңба бойынша рәсімдей алады. Билет бұрынғыдай бір бланкада емес, әр жолаушыға бөлек беріледі.

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

ЖОЛ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК: ДЕРЕКТЕР АЛАҢДАТАДЫ

Қызылорда жолдарында қайғылы оқиғалар азаймай тұр. Облыс әкімдігі жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомстволық комиссия отырысында жол сақшылары осылай мәлімдеді. Оның маңыздылығын облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов баса айтты.

Назерке САНИЯЗОВА.

Өткен жылмен салыстырғанда биыл 7 айда жол апаты – 66, көз жұмғандар – 42, дене

жаракатын алғандар саны 64 процентке өсіп отыр. Ережені елемейтіндер қатарында са-

ланың өз өкілдері де бар. Жыл басынан бері осындай 22 қызметкер мен басшылық құрамның 5 өкілі тәртіптік жазаға тартылған. Талдау нәтижесі көрсеткендей, өкінішпен аяқталған оқиғалардың 35 проценті облыс аумағынан өтетін республикалық маңызы бар тас жолдарда, 45 проценті Қызылорда қаласында тіркелген.

2-бөт.

ЕГІН – 2019

Шешуші науқан басталды

Сейсенбіде Шиелі ауданында күріш орағы басталды. Бестам ауылындағы «Бестам елі» шаруа қожалығының алқабында бастау алған биылғы «Алтын орақ» мерекесіне көршілес Жаңақорған өңірінің егіншілері де келді. Ауа райы мен егін егу технологиясы сәйкес бірігелес аудандар бір-бірінің озық тәжірибелерін бөлісе отырып, ынтымақтастықты арттырды. Бұл туралы дәстүрлі шараға қатысқан ҚР Парламенті Сенатының депутаты Бекмырза Еламанов айтты.

Күріш орағының басталу рәсімінде аудан әкімі Өшім Оразбекұлы ала жаздай тынымсыз еңбек еткен дикандарға ризалық білдіріп, жиын-терімнің сәтті өтуіне тілектестік арнады. Аудан басшысы әр жылдың өзіндік күрделілігі боларын айтып, сол қиыншылықтарды жеңуде дикан қауымының қажырлылығы мен бейнет-



кештігіне сүйсініс білдірді. Сондай-ақ, Жаңақорған ауданының әкімі Галым Әміреев, Шиелі ауданы қоғамдық кеңес төрағасы Пердәлі Архабаев құттықтау сөз сөйледі. «Бестам елі» шаруа қожалығының төрағасы Балташ Қошқаров та әріптестеріне табыс тіледі. Биыл Шиелі ауданының егіншілері 12475 гектар күріш

ексе, оның 70 проценттен астамы жоғары өнім береді дейді мамандар. Сондай-ақ, «Ақмая», «Төңкеріс-К», «Бидайкөл» секілді іргелі шаруашылықтар мол өнім алуға ынталы. Мұнан өзге жаңа және ескі жонышканың да түсімі тәуір. Бақша, көкөніс өнімдерін жинау жұмыстары да Шиелі ау-

данында аса ұйымшылдықпен атқарылып келе жатыр. Бір сөзбен айтқанда, дала академигі, екі мәрте Еңбек Ері атанған Ыбырай Жақаевтың ізбасар жерлестері шешуші науқанды ойдағыдай атқаруға жұмыла кірісіп кетті.

Нұрмахан ЕЛТАЙ. Шиелі ауданы.



КЕЛЕСІ САНДА

Балаңыз мектепке дайын ба?

ПІКІР МЕН ПАЙЫМ

Жаңа мүмкіндіктер кезеңі

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Баршаға ортақ игілік! Сабактастық. Әділдік. Өрлеу» атты сайлауалды тұғырнамасы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолға алған бағытын әрі қарай тиімді жалғастыру деп білемін. Қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсартып, табысын арттырауда, әл-ауқатын көтеруге Мемлекет басшысының ұстанымы жаңа мүмкіндіктер беруде.



Осы сайлауалды тұғырнаманың жүзеге асырылуына біздің басқарма қызметкерлері де үлестерін қосуда. Себебі, әр адамның өмір сапасын жақсарту үшін денсаулық, білім, бапана, қолайлы өмір сүру жағдайлары қажет. Оны қамтамасыз ету үшін тұрғын үйлердің, мектептер мен балабақшалардың, емханалар мен ауруханалардың, спорттық-сауықтыру кешендерінің құрылысын салу, оларға инженерлік желілер мен жолдарды уақытында пайдалануға беруіміз керек. Аталған жұмыстар облыста кенінен жүргізілуде және республикада біздің аймақ алдыңғы қатарда келеді. Атап айтар болсақ, биыл 23 әлеуметтік нысанның құрылысы салынуда. Жыл ішінде барлығы 11 әлеуметтік нысан пайдалануға беріледі деп жоспарланса, 2 нысан (Сырдария өзенінің сол жағалауында жастар орталығы, стадион) ел игілігіне беріліп, қалған 9 нысанның құрылысы жыл соңына дейін аяқталады. Мемлекеттік қолдаудың арқасында, облыста тұрғын үй құрылысында жылдан жылға өсу байқалады. Биыл мемлекеттік бюджет есебінен 1862 пәтерді құрайтын 43 үйдің құрылысы жүргізіліп және жыл ішінде барлық қаржыландыру көздерінен 720,8 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беруді және 299 шақырым инженерлік инфрақұрылым желілерін жүргізуді жоспарлап отырмыз.

Ағымдағы жылдың қаңтар-маусым айлары қорытындысымен 277,3 мың шаршы метр үй пайдалануға беріліп, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 21,6%-ке артық орындалды. Бұған қоса, аймақта аз қамтылған мұқтаж көпбалалы 150 отбасы анықталып, Болат Отемұратов қорының қайырымдылық көмегі есебінен 100 отбасы баспанамен қамтамасыз етілді. Оның құрылысына әкімдік тарапынан барлық қажетті инженерлік желілер жүргізіліп, әр үйге 6 сотық жер телімі берілді. Қалған 50 отбасы облыстық бюджет есебінен баспанамен қамтамасыз етіледі.

Сонымен бірге бұндай жұмыстар ауданда да атқарылады. Жыл басынан бері жеке шаруашылық және кәсіпорындар есебінен аз қамтылған көпбалалы 11 отбасы баспанамен қамтылды.

ҚР Президентінің сіндырлары саясатымен құрылыс саласын дамытуда өзіндік жолымызды айқындап, бағыт-бағдарымызды бірге жүзеге асыруда еңбек ете береміз.

Мұхамедиса ӘЛСЕРІКОВ, облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы.

ЖОЛ және ҚАУІПСІЗДІК: ДЕРЕКТЕР АЛАҢДАТАДЫ

— 33 дерек жылдамдықты асырумен байланысты, соның салдарынан 7 адам қаза тауып, 41 адам жарақаттанды. 47 оқиғаға үй жануарларының жолға кенеттен шығуы себеп. Халықаралық «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» жолында көліктердің жоғары жылдамдықпен жүруі де кесірін тигізіп келеді. Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі аралықта жолдың екі жағын бөліп тұратын қоршаулар қарастырылмаған. Республикалық маңызы бар жолдардағы 24 кайғылы жайттың 66,6 проценті осындай аумақта жасалған, — деді облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Серік Шалқаров.



Ол жол-көлік оқиғаларының алдын алу және оны жою бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Айтуынша, «Автомобиль», «Қауіпсіз жол», «Жаяу жүргінші», «Құқық тәртібі» сияқты жедел-профилактикалық шаралар үзбей өткізіледі. Полиция әр аптаның жұма, сенбі, жексенбі күндері күшейтілген жұмыс кестесіне көшіріліп, «Түнгі қала», «Қауіпсіз аула» атты қысқа мерзімді шаралардың басынан табылып жүр.

1-бет.



С.Шалқаров жылдамдықты асыру фактілерін дер кезінде анықтау үшін Қызылорда қаласы мен аудан орталықтарында автоматты режимдегі арнайы жылдамдық өлшегіштер орнатуды ұсынды. Бүгінгі күні елді мекендерде радар жүйесі қолданыста жоқ. Облыс орталығы бойынша небәрі 5 қылыста орнатылған болса, жылдамдық өлшеу функциясы соның тек 1-інде қарастырылған. Сондай-ақ, жиында түнгі уақытта қауіптің алдын алу мақсатында елді мекендерде түсіндірме шараларын жүргізу, төрт түлікке жарық шағылыстыратын алқалар тағу жұмысын жалғастыру, халықаралық маңызы бар автомобиль жолының бойында «Абайлаңыз, үй жануарлары!» деген жазуы бар паннолар мен металл қоршау торларын орнату жөнінде ұсыныстар айтылды.

шектеліп, 259 адамның белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырылғаны мәлімдеді.

— Қоғамдық еңбекке — 105, шартты жазаға 254 адам тартылды. 326 адам жұмысқа орналасып, тағы бірнеше адам басқа да әлеуметтік құқықтық көмек алды, — деді ол.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының 1 тамыздағы мәліметінше, бұрын сотталған 256 адам жұмыс іздеуші ретінде тіркелген. Оның 232-сі — пробация қызметінің есебіндегілер, қалғаны — жазасын өтеп шыққандар. 165 адам — тұрақты, 38 адам — қоғамдық, 3 адам әлеуметтік жұмысқа, 16 адам кәсіби оқыту және қайта даярлауға, 5 адам жастар жәрмеңесіне жіберілді. 16 адам — атаулы әлеуметтік көмек, 4 адам несиесіз алды.

Ведомстваралық комиссия отырысында бұған дейінгі хаттамалық тапсырмалардың орындалу барысы талқыланды. Жиында қорытындылаған аймақ басшысы жауапты тұлғаларға жол-көлік оқиғасының алдын алу бойынша өңірлік жол картасын дайындауды, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында түсіндіру шараларын күшейтуді тапсырды.

Сейсенбіде облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемовтің төрағалығымен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу жөніндегі өңірлік штаб отырысы өтті.

Штаб отырысына «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ-ның басқарушы директоры Нұрлан Қасымов және бірқатар басқарма басшылары мен медициналық ұйымдар жетекшілері қатысты.

Айнұр БАТТАЛОВА.



Отырыста Р.Рүстемов жаңа жүйенің маңыздылығына тоқталды. — Елбасының 2017 жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында 5 басым бағыт айқындалғаны белгілі. Сонда нақтыланған мақсатқа жету үшін бір тетігі ретінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу арқылы адами капиталдың сапасын арттыру көзделді. Осы орайда тұрғындардың, мемлекет және жұмыс берушінің ортақ жауапкершілігіне негізделген міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне кезең-кезеңімен өту қолға алынды. Бұл жұмыстар біздің аймақта да жолға қойылып, тиісті шаралар атқарылып келеді. Жаңа жүйені ақпараттандыру, тұрғындар арасында түсіндірме жұмыстарын оңтайлы жүргізу мақсатында облыстық бюджеттен 10 млн теңге көлемінде қаражат қаралды. Биыл қыркүйек айынан бастап пилоттық режимде Қарағанды облысында МӘМС жүйесін енгізу жоспарлануда, — деді ол.

Басқосула қордың басқарушы директоры Нұрлан Қасымов жаңа жүйенің енгізуін дайындау барысы туралы баяндады. Оның айтуынша, МӘМС жүйесін енгізуге, тегін медициналық көмек пакетінің жаңа үлгісін татын жұқпалы емес созылмалы аурулардың, онкологиялық аурулар мен инсульт, инфаркт сынды жүрек-қан тамырлары аурулары 2,5 есе көбейген. Оған қоса, ем-дом бағасының қымбаттауы да себепші болуда. Мәселен, тәулік бойы стационарда емделудің орташа құны 1,5 есе, күндізгі стационарда емделу 2,5 есеге өскен.

Нұрлан Кәукенұлы жаңа жүйені енгізу барысында республикада және аймақта еңсерілген істерді саралап, облыстық медициналық сақтандыру жағдайында жұмыс істеуге әлеуеті жоғары екенін жеткізді. Мәселен, техникалық дайындық барысы бойынша рес-

публикада жұмыс орындарының компьютермен жабдықталуы 96 процентті құраса, Қызылорда облысында да бұл көрсеткіш 96 процентке жеткен. Медициналық ұйымдардың интернет жүйесімен қамтылуы республика бойынша 69,7 процент болса, Сыр өңірінде 83,8 процентті құрайды. Сондай-ақ, ол әлеуетті жеткізуші ұйымдар базасының жасақталғанын айтты. Базада 2000-ға жуық медициналық ұйым тіркелген. Оның 68 проценті жекеменшік ұйымдар. Қызылорда облысының бұл көрсеткіші республикадан жоғары. Сонымен қатар, аймақта саланы қаржыландыру көлемі артып келеді. Биылғы бекітілген қаржы 45 млрд теңгені құраса, келер жылға 61,8 млрд теңге жоспарланған, оның ішінде ТМҚК шеңберінде 43 млрд, МӘМС жүйесінде 18,8 млрд теңге көзделген.

Басқосула сондай-ақ, облыста МӘМС жүйесін енгізуге бағытталған шаралар туралы облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусәметовтің және мәртебесі анықталмаған азаматтарды өзектендіру мен бейресми жұмыспен қамтылғандарды заңдастыру жөнінде облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының міндетін атқарушы Айгүл Ибраеваның хабарламасы тыңдалды.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының хабарлауынша, жаңа жүйені енгізуге дайындық барысында медициналық қызметтің қолжетімділігі мен сапасын жақсарту мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Атап айтқанда, соңғы бес жылда елді мекендердегі бастапқы медициналық санитарлық көмек қорсететін ұйымдардың 63 проценті жанартылса, 2017 жылдан бастап пилоттық режимде,

ал, былтырдан бастап барлық жүкті әйелдер мен 5 жасқа дейінгі балаларға арналған патронаждық қызмет көрсетудің эмбебап моделі енгізілді. Мамандар тапшылығын азайту мақсатында 2016 жылдан бастап облыс әкімінің гранты негізінде 42 резидент еліміздің 5 жоғары оқу орнында даярлануда. Оған қоса, жылда жергілікті бюджеттен 30 жалпы тәжірибелік дәрігерлі даярлауға облыс әкімінің арнайы гранты бөлініп, саланы кадрлармен қамтуға мүмкіндік жасалуда. Денсаулық сақтау ұйымдарын заманауи техникамен жабдықтауға соңғы бес жылда 8 млн теңгеден астам қаржы қаралып, қажетті құрал-жабдықтар алынды. Соның нәтижесінде материалдық-техникалық жабдықтармен қарақатандыру көрсеткіші 34,9 процентке өсіп, былтыр 79,26 процентті құрады. Осы орайда саланы цифрландыру бағытында арнайы «Жол картасы» бекітілді. Қазір аймақта қала және аудан деңгейіндегі медициналық ұйымдардың ақпараттық жүйелермен қамтылу көрсеткіші 100 процентке жетті. «Қағазсыз құжат айналымына» көшіру бойынша 114 медициналық құжат электронды жүйеге жүргізілуде.

МӘМС-ті енгізу мақсатында мәртебесі анықталмаған азаматтарды өзектендіру жұмыстары 2017 жылдан бастап жүргізіліп келеді. Биыл жыл басында өзектендіруге тиіс азаматтардың саны 35 479-ды құраса, 19 тамызға 28385 адам, Жыл басынан 7094 адам өзектендірілген.

Штаб отырысын қорытындылаған облыс әкімінің орынбасары Р.Рүстемов жаңа жүйе туралы тұрғындар арасында түсіндірме, ақпараттандыру жұмыстарын әлі де жүйелі жүргізу және азаматтарды өзектендіру бойынша жұмыстарды жалғастыру қажеттігін айтып, тиісті басқарма басшыларына нақты тапсырмалар жүктетті.

БРИФИНГ

2900 гектар жер облыс аумағына өтуі мүмкін

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасына сәйкес ауыл шаруашылығындағы тауарөндіруші шаруашылықтардың егіс алқаптарын министрліктің QOLDAU веб-порталына енгізу арқылы аймақтағы егістік жерлердің электрондық картасын жасау мерзімінен бұрын аяқталған. Облыста 1 шілдеге дейін 180,8 мың гектар алқаптың электронды картасын жасау жоспарланса, 199,9 мың гектар жер веб-порталға енгізіліп, көрсеткіш артығымен орыдалған. Бұл туралы БАҚ өкілдеріне облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев брифингте мәлімдеді.



Берілген кейбір жер учаскелері облыстық жер қорына кіруі мүмкін. Бүгінге дейін екіжақты келісім аясында 11,6 мың гектар жер Қазақстан аумағына қайтарылса, алдағы уақытта 2,9 мың гектар өз тарапымызға өтпек.

— Ресейге жалға берілген жердің жалпы көлемі 600 мың гектар болса, оның 500 гектары Байқоңыр қаласының өзі орналасқан. Ал, қалған аймақта ғарыш айлағы мен кешеннің орны немесе сол мемлекетке тиесілі кейбір мекелер жайғасқан. Біз алты ай ішінде Байқоңыр қаласы әкімшілігімен бірге далалық зерттеу жүргіздік. Соның нәтижесінде 2900 гектар жерді өзімізге қайтару келісілді. Осы тамыз айында Мәскеуде өтетін үкіметаралық комиссия отырысына Ауыл шаруашылығы министрлігі арқылы ұсыныс тастадық. Егер оң шешім тауып, тиісті құжаттарға қол қойылса, нақтыланған координаттар облыс қарамағына өтеді. Бұдан Ақай ауылы және Төретам кентінің шекарасы кенейіп, елді мекен айналасына, әсіресе, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автожолының екі жағына кәсіпкерлік мақсатта нысандар салуға мүмкіндік туар еді, — деді басқарма басшысы.

Сонымен қатар, аймақта суармалы егіс көлемін ұлғайту бойынша бірқатар жұмыстар атқарылған. Облыстағы 236,9 гектар суармалы жердің көлемін 300 мың гектарға дейін жеткізу жөніндегі жауапты тапсырмаға сәйкес, барлық аудан бойынша мамандармен бірлескен талдау, зерттеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде жаңадан ашылған суармалы егіс алқаптары 95,7 гектарға жеткізіліп, облыста барлығы 332,6 гектарға дейін суармалы жерді ұлғайтуға мүмкіндік бары нақтыланған.

Басқарма басшысының айтуынша, мұнан өзге жайылым, шабындық және көпжылдық егіс жерлерінің электронды карталарын әзірлеу жыл айына дейін жалғасатын болады. Жоспар бойынша жалпы көлемі 1,9 миллион гектар жер веб-порталға енгізіледі.

Бос жерді ауылшаруашылық айналымына алу бойынша биыл 57,1 мың гектар жер жоспарға енген. Жобада аудандар мен қала бойынша конкурсна шығарылатын жердің тізмі жасасқан. Биыл облыс бойынша 14 аукцион өткізіліп, жалпы көлемі 50,3 гектарды құрайтын 80 учаске сатылыпты. Нәтижесінде 38,3 миллион теңге бюджетке түскен.

Жер қатынастарын реттеуді жетілдірудің 2017-2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарымен топырақ сапасына зерттеулер жүргізілетіні белгілі. Былтыр 476 мың гектар зерттеліп, балл бонитеті анықталған. Биыл 450 мың гектар жердің сапасы тексерілді. Бүгінде дайындық кезеңі аяқталып, далалық зерттеу жұмыстары басталған. Сонымен бірге, геоботаникалық сараптау осы және келесі жылы жүргізілмек. Биылғы жоспарланған 1 миллион гектар алқаптың жартысы зерттелген, бес далалық бригада өз қызметін тиісінше атқаруда.

Байқоңыр аймағында орналасқан Ресейге жалға

Ержан ҚОЖАСОВ.

Мемлекеттік қызметшіге қойылатын талап жоғары. Өзінің әділдігімен, сабырлығымен, қарапайымдылығымен, білімімен, тәжірибесімен ғана емес, қызметте және кез келген ортада өзін ұстап білуі, әлептілігі, көпшілік алдында сөйлеу мәнері, жүріс-тұрысымен де үлгі болуы керек.

Алайда, аталған талаптар үлестен шықпай, мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтіретіндер де жоқ емес. Бұл мәселе Әдеп жөніндегі кеңес отырысының күн тәртібінде қаралды.

Айсауле ҚАРАПАЕВА.

Әдептен озғандар жұмыстан шығарылды

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыстағы департаменті Әдеп жөніндегі кеңес отырысында 6 мәселені көтерді.

Отырыста облыстық төтенше жағдайлар департаментіндегі заңнама бұзуын алдын алу бағытында атқарған жұмыстарды Омар Бержанов айтты. Департамент басшысы құқық бұзушылықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты насихаттау бағытында бірқатар шаралар жасалғанымен, жыл басынан 3 қызметкер жұмыстан түрлі себептермен шығарылғаны және 1 сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқықбұзушылық орын алғаны мәлімдеді.

— Биылғы 25 сәуірде жұмыстан тыс уақытта облыстық төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері жеке моншаны тексеру қорытындысымен берілген ұйғарымдаманы орындамау фактісімен әкімшілік жауапкершілікке тартпау үшін жеке кәсіпкерден пара алу үстінде ұсталған. Аталған дерек негізінде қызметтік тергеу жүргізіліп, департаменттің аға инженері жұмыстан шығарылды. Бұдан бөлек, тәрбие және алдын алу жұмыстарын нашар жүргізгендері үшін төтенше жағдайлар басқармасының басшысы мен сол уақытта бастықтың міндетін атқарушыға тәртіптік жаза жарияланды. Өз еркімен жұмыстан босату туралы баянат ұсынуына байланысты басқарма басшысы жұмыстан шығарылды, — деді хабарламашы.

Тәртіптік кеңес мүшелері департаментте және оған қарасты өрт сөндіру мекемелерінде орын алған қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды анықтау мақсатында сыбайлас жемқорлық мәселелеріне ішкі талдау жүргізуді ұсынды.

Әдеп жөніндегі кеңес отырысында қаралған екінші мәселеге байланысты ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің облыстағы департаменті басшысы Гүлмира Өтегенова хабарлама жасады.

— Жұртшылықты хабардар ету және ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында өткен

жылы 6, биыл 3 жария тыңдау өткізілді. Департаментке былтыр барлығы — 156 жеке және 58 заңды тұлғадан, ал жыл басынан 102 жеке және 24 заңды тұлғадан өтініш қабылданып, оларға жауап жолданды. Соңғы жылдары 6 мемлекеттік қызметші тәртіптік жазаға тартылды, — деді ол.

Кезекті кеңес отырысында облыстық коллектік бақылау инспекциясы тәртіптік комиссиясының жұмыс нәтижелері, Арал ауданы бойынша жергілікті атқарушы органдардың Әдеп жөніндегі уәкілдің өткен 6 айда атқарған қызметінің нәтижелері, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті әкімінің, Шиелі ауданы әкімі аппараты басшысының тәртіптік ісі қаралды. Аталған мәселелер бойынша Әдеп жөніндегі кеңес төрағасының шешімі қабылданып, ұсынымдар берілді.

БРИФИНГ

Оқушы саны 10 мыңға артты

Жаңа оқу жылында облыстағы 293 мектепке 164 500 оқушы келеді деп күтіледі. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 10 мыңға көп. Жалпы өңірде 21 мыңнан астам бала мектеп табалдырығын алғаш рет аттағалы отыр. Осы және өзге де білім беру саласының жаңалықтары өңірлік коммуникациялар қызметінде болған брифингте айтылды. Онда облыстық білім басқармасының басшысы Майра Меддебекова өткен жартыжылдықта атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Айғауле ҚАРАПАЕВА.



Облысымызда 667 мектепке дейінгі тәрбие беру ошағында 61 мың бала тәрбиеленуде. Жекеменшік балабақшалардың үлесі 72 процентті құрайды. Биыл жаңартылған білім беру мазмұны бойынша 4,9,10 сыныптар қоғамға дейін. Жаңартылған мазмұнға сәйкес 10-сынып оқушылары «Графика және жобалау», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» сынды жаңа пән оқиды. Оларға оқулықтар мен әдістемелік кешендер сатып алу үшін жергілікті бюджеттен 1,7 млрд теңге бөлінді. Тасымалдауға 15,7 млн теңге қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде 15 баспамен келісім-

шарт жасалып, 30 процент қаржысы аударылды. Оқулықтар 25 тамызға дейін толық жеткізіледі. Шілде айында басталған «Мектепке жол» акциясы аясында 5051 балаға 34 млн теңгеге мектеп формасы мен оқу құралы алынды. Акция жалғасып жатыр. Сонымен қатар, мектептерде

ыстық тамақ ұсыну, лагерьге жолдана беру, 1-сыныпқа қабылдау, мұғалімдерді жұмысқа қабылдау тәртібі автоматтандырылды, – дейді басқарма басшысы. Облыстың бас ұстазы өңірдегі мектептердің жаңа оқу жылына дайын екенін мәлімдеді.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Отбасылық кәсіп – ортақ нәсіп

Шиеліге жол түсті. Басты мақсат – мемлекет қамқорлығымен іскерлік көрсетіп, өнімін елге ұсынған кәсіп иелерінің қарқынын көзбен көріп, басылым бетіне айшықтан жазу. Мұнда нарыққа бейімделіп, шағын кәсіпін өрістеткен тұрғындар көбеймесе, азайған емес. Біз танысқан жеке кәсіпкерлердің көбісі отбасылық бизнесті дамытуға күш салған. Жалқаулық деген кесірді жанына жұтып отырғандардың еңбегі шынымен де көпке үлгі боларлықтай.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Азамат Есімовтің айтуынша, өнеркәсіп орындары биылғы жартыжылдықта 13 млрд 639 млн теңгенің өнімін өндірген. Ал ауданда тіркелген шағын және орта кәсіпкерліктің саны 4501 болса, оның ішіндегі жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлердің үлесі 91,2% құрайды.

Жыл басынан бері мемлекеттік кірістер басқармасы арқылы 272 жеке кәсіпкер, 21 шаруа қожалығы, 22 заңды тұлға тіркеліп, 315 шағын және орта кәсіпкерлік нысаны ашылды. «Еңбек» бағдарламасының екінші бағыты бойынша биыл жоспарға сәйкес 110 азамат оқу курсынан өтіп, сертификаттарын алды. Ал «Бизнес-Кенесші» жобасы бойынша 81 адам оқытылды, – дейді бөлім басшысы.

Алма бағы өсіп келеді

Шиелінің Тартоғай ауылының маңында «Баспақ арық» деп аталатын жерді кездестіресіз. Үлкен көлік дәлізінің бойында орналасқан сол маңнан Сейітқазы Әлібаев 10 гектар жерді жалға алып, алма бағын өсіріп бастаған. Осыдан үш жыл бұрын басталған бейнетті жұмысқа бел буып кіріскен Сейітқазы аға бүгінде жайқала өсіп, бойын тіктеген жеміс шыбықтарына қарап, көңілі қуанып жүр.

Әу баста бұл қалың жынғыл-сексеуіл аралас жабайы жер еді. Отбасымызбен бірігіп, аршып, жан-жағына қоршау жүргіздік. Жолдасымның әкесі де бағбан болатын. 2017 жылы облыстық «Өңірлік инвестиция орталығы» арқылы несие алып, алға қойған мақсатымызға біртіндеп қол жеткізіп жатқан жайымыз бар. Мына көрші Түркістанның Сарыағашынан 20 мың түп көшет әкелдік. Отырғызған шыбықтардың



70%-тен астамы бой көтеріп кетті, – дейді бағбанның жұбайы Клара Әлібаева.

Тамшылату әдісімен суарылатын алма шыбықтары бүгінде кісі бойымен бірдей. Бұйырса, келер жылы гүлдеп, түйнек бере бастайды.

Ерлі-зайыптылардың ендігі мақсаты, қазақтың атақәсібі – мал шаруашылығын дамытып, ірі қара тұқымын асылдандыру.

Бәйгеқұм десе...

Аймақ жұртшылығына жақсы таныс, Бәйгеқұм десе, көз алдымызға мөңдір суымен танымал Ханқожа көлі естейді. Ауыл тұрғындарының дені осы көлдің тұрпағанын кенінен көріп отыр. Көл жағалауын демалыс орнына айналдырып, демалушыларды тарта білген бәйгеқұмдық ағайынның бұл істе әзірге аты озып тұр.

Өз күшімізбен, отбасы болып, халыққа «жағажайда демалу» қызметін бастағанбыз. «Өңірлік инвестиция орталығының» «Еңбек» бағдарламасы арқылы алған шағын несиеге көлде серуендеуге арналған моторлы қайық пен құрылыс материалдарын түгендедім. Шаруа осылай басталды. Кешегі ыстықта келушілер көп болып, маусымдық демалысты жақсы ұйымдастырдық, – дейді біз танысқан «Диас» ЖК төрағасы Ерлы Кареев.

Кәсіпкердің айтуынша, өзінің 17 сотық жағажайында 40 адамға дейін тапсырыс қабылдай алатын көрінеді. Ал ауыл әкімі Мұхамедәлі Жүсіптің сөзіне сенсек, Бәйгеқұм ауылындағы 93 кәсіпкердің 58-і демалушыларға қызмет көрсетумен

айналысады екен. Жаратылыс берген табиғат байлығын тамаша көсіп көзіне айналдырған жақсы-ақ. Бірақ, тұнық судың тазалығына баса мән беру жағын ұмытпаса болғаны...

Жуантөбенің қышы жақсы

Күйдірілген немесе қам кірпіш іздесеніз, көлігіңізді Шиеліге қарай бұрыңыз. Мұнда арзан әрі сапалы деседі білетіндер. Жуантөбе ауылдық округіне қарасты «Палжанов» ЖК иелігіндегі күйдірілген қыш өндіретін цехтың өнімі аймақ асып, көрші Түркістандағы көп нысанға бірнешеуіне қаланып жатқанды ұқсайды.

Бұл жолдасым Марат Палжановтың идеясымен басталған еді. Мына көріп отырғандарыңыздай, кірпіштің барлығы газбен құйдіріледі. Газды да 2013 жылы өз күшімізбен кіргіздік. Халықтың қысқа да, кесекке де сұранысы өте көп. Былтыр қыс айында «Даму» қоры арқылы 9 миллион несие алып, қажетті техникалық жабдықтарымызды түгендедік, – дейді Бану Шамшиева.

Бүгінде 10-нан астам жұмысшысы бар цехтың кірпіші халық қалтасы көтергендей бағада. Кесектің бір данасы 16 теңге болса, күйдірілген кірпіш 30 теңгенің көлемінде ұсынылуда.

Кәсіпкердің айтуынша, жыл басынан бері 450 мыңнан астам кірпіш қуылып, сатылымға шыққан. Ал, бір күнде 8 мың данаға дейін кірпіш өндіретін кәсіп иелері цех жұмысын алдағы уақытта кеңейтпек ойлары барын да жасырмады.

Қолдау қанаттандырған кәсіпкерлер

Мемлекеттің мал санын өсіру мен оны асылдандыру жолында қызмет қылғысы келетіндерді қолдау жағына көп мән беретіні жақсырын емес. Көшпелі ата-бабаның басты тіршілігі болған кәсіпті тізгіндегендер саны Шиеліде де өте көп. Солардың бірі, аудан іргесіндегі Гигант ауылдық округінің тұрғыны Қарлығаш Айымбетова 15 сыыр мен асылтұқымды бұқа алып, ірі қара басын асылдандыру жұмысын бастап кеткен.

Былтыр «Өңірлік инвестиция орталығының» «Еңбек» бағдарламасы арқылы 6 проценттен 4 миллион теңге несие рәсімделді. Шүкір, жұмысымыз біршама алға басуда. Талап қыламын деген адамға мемлекет тарапынан қолдау көп. Бұрын отбасылық мал шаруашылығымен айналысып келгенбіз. Енді соны кеңейтіп, мал басын көбейтуге жұмыс істеудеміз, – дейді ол.

Кәсіпкер келіншекке көбіне-көп жолдасы мен балалары қолғабыс тигізеді. Жеті баланы өмірге әкелген Бағур ананың кәсіпкерлікке деген қадамы бізді сүйсінтті. Айтпақшы, Қарлығаш апай, мұнан бөлек, тайынша мен ұсақ малды бордақылап, аудан тұрғындарына базар нарқымен ұсынып, семіз етпен қамтып отыр.

Ал, Ақмая ауылының тұрғыны Қалима апа ине мен жіпті жанына серік еткен жан. Қазақ колөнерін

қадір тұтқан ол жас күнінен бері қарай осы ауылдағы тігін цехында жұмыс істепті. Былтыр «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының жаңа бизнес-идеяларды қолдау мақсатында 450 мың теңге қайтарымсыз грант ұтқан ақмаялық апа өз кәсібін ашуға бел бұған.

40 жылға жуық осы тігіншілікпен айналыстым. Бүгінде «Ерасыл» жеке кәсіпкерлігін құрып, қарамағайыма тігінге икемі бар екі келіншекті жұмысқа алдым. Шеберхана ғимаратын өз қаражатыма алып, грантпен келген қаржыға төрт тігін машинасын орнаттым. Ауылда тапсырыс көп. Осы кезге дейін бос отырған күніміз болмапты. Ел болған соң той да жетерлік. Дәл қазір келіннің шымылдығы пен қыз жасауын тігіп жатырмыз, – дейді Қалима Бисариева.


Қалима апаның айтуынша, тігін шеберханасында мектеп пен балабақша, басқа да мекемелер тапсырыс беретін терезе жапқыштары, үстел бетіне жабулар, мерекелік кештерге түрлі формадағы көйлектер де тігіле береді.

Ұлттық киімдерді, сонымен бірге, құрақ көрпін пішуді көп жастарымыз біле бермейді. Бұйырса, «көрсем», «білсем» деген кез келген талапты тігіншіліктің қыр-сырын үйретсем деген жоспарым бар, – дейді тігінші апа.

Қош, бүгінде «қарап жатпайтынның қармағы қабатынын» көпшілік түсінген. Әрі бұрынғыдай дүкен ашып, сауда-саттыққа тікелей көшкеннен бөрі белгілі бір кәсіптің түрімен айналысуға ден қойғандардың қатары қалың. Шиелі сапары осыны айғақтап берді. Ал, мемлекет тарапынан кәсіпкерлікке қатысты оң ұсыныстар мен қолдауларды мұлт жібермей, халыққа кенінен түсіндірме жұмысын жүргізетін аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі «өз ісін бастаймын деушілерді қолдауға, біз қашанда дайынбыз» дейді.

Бүгінгі күні барлық кәсіп ашуға мүмкіндік беретін мемлекеттік бағдарламалар бойынша ауданнан 958,9 млн теңгені құрайтын 156 жоба қаржыландырылса, қосымша 838,4 млн теңгені құрайтын 58 жобаны іске қосу жоспарда бар. Ал, енді «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша ауданнан 680 млн теңгені құрайтын 3 жоба құжаттарын екінші деңгейлі банкке тапсырса, 595 млн теңгені құрайтын 14 жоба осындай қаржы ұйымдарына құжаттарын әзірлеуде, – дейді аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы.

Шиелі ауданы.



МЕРЕЙ

Адал еңбек үлгісі



«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында қабылданған «Жаңғырған ауыл» жобасының аймақта жүзеге асуына облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы атсалысып келеді. Жоба мақсаты – ауылдардағы еңбек династияларын халыққа таныту. Мал өсіріп, қазақтың атақәсібін дамытқан шаруашылықтар қатарында Ахметовтер әулеті бар.

Еңбек династиясының негізін салушы – Ахмет Халықов Өзбекстанда дүниеге келген. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бері Қызылордада тұрады. Еңбек жолын Қарақөл совхозында шопан болып жұмысын бастаған азамат еліне сіңірген еңбегі үшін Социалистік Еңбек Ері атағын алған. «Ленин» ордені мен «Құрмет» белгісінің иегері. Бүкілодақтық съезд делегаты, бірнеше рет облыстық, аудандық ОК пленумының мүшесі болған. Әулеттің басшысы дүниеден өткен соң атақәсіпті ұрпақтары жалғастыруда.

Еңбек Ерінің баласы – Мүсәлім Ахметов Талдықорғандағы зооветеринарлық техникумды бітірген соң Қарақөл ауылында еңбек жолын зоотехник-селекционер қызметінен бастап, ферма зоотехнигі, менгерушісі қызметтерін атқарады. Кейін өке таяғын ұстап, шопандық қызметке ауысады. Қарақөл совхозы тарағанша түйекеш болып қызмет етеді. Еңбегі еленіп, озат шопан, озат түйекеш атақтарын алады. 2001 жылдан бастап әкесінің құрметіне «Ахмет» шаруа қожалығын құрды. Науқастануына байланысты шаруашылықты кіші ұлы

Гамзатқа тапсырады. Бұл күнде М.Ахметов зейнетте.

Гамзат әкесінің қасында болып, көмектесіп еңбекке шыңдалған. «Сыбаға» бағдарламасы арқылы несие алып, мал басын көбейтіп тіршілігін дөңгелетуде. Бүгінде қожалықта 80 сыыр, 90 түйе, 15 жылқы бар. Келешекте жылқыны көбейтуді жоспарлап отыр. Жас болса да шаруашылық басшысы мектепте оқытын тұрмысы төмен отбасының балаларына қайырымдылық көрсетіп, жомарт жан ретінде де танылды. Еңбегі еш кеткен емес, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан зор үлесі үшін облыс, қала әкімдерінің алғыс хаттарымен марапатталған. Бірінші облыстық малшылар слетінде «Малшылар династиясы» номинациясын алды. Ахметовтер әулетінің еңбек жолы көпке үлгі. Әулеттің кәсібі келешекте әлі де жаңғыра түсетініне сенім мол.

Светлана КРЮГЕР,
облыстық ҚХА баспасөз хатшысы.

АЛЕМ JAŃALYQTARY

Эйфель мұнарасына өрмелеп шықпақ болды

Париждің әлемге әйгілі Эйфель мұнарасы белгісіз азаматтың қатысуымен болған жағдайдан соң жабылды. Күдікті ер адам мұнараға ешқандай құралсыз өрмелеп шықпақ болған. Мұнара орналасқан аймақта жүрген туристерді эвакуациялауға тура келген.

Эйфель мұнарасының Twitter парақшасында оның жабылғаны туралы ақпарат жарияланды. Туристерге өздерінің жоспарын кейінге қалдыру туралы кеңес берілді.

Бұл оқиға Эйфель мұнарасына арналған мерекелік шаралар өтіп жатқан күндері орын алған. Осы жерге жылына 7 млн турист келеді. Алдағы күркірейтін 28-іне мұнараның салынғанына 130 жыл толады.

Еріген мұздыққа ескерткіш

1901 жылы Исландияның орталық тауды геологиялық қартасында Оккекуль (Okjökull) мұздықтай тапталған. Жалпы аумағы 38 квадрат километрді алып жатқан. Жылдар өте бұл мұздық еріп бастады.

XX ғасыр ортасында бұл мұздықтан бар-жоғы 5 квадрат километр ғана қалған. Ал 2005 жылы толықтай еріп таусылған. 2014 жылы Оккекульдан (Okjökull) «мұздық» деген атауы алынып тасталды. Қазіргі таңда мұздық жоқ қалқанды жанартау болып қалған. Ғалымдар мұны ғаламдық жылынудың бір мысалы ретінде атап отыр. Егер күн райы ысы беретін болса, қандай да бір алдын алу шаралары болмаса, өзге де мұздықтар Оккекуль сынды еріп кетуі мүмкін. Жуырда зерттеушілер мен кинематографтар еріген мұздыққа арнап арнайы ескерткіш тақта қойды.

Ок – мұзы еріп, жер бетінен жоғалған алғашқы исландиялық мұздық. Алдағы 200 жыл ішінде өзге де мұздықтар осылай еріп тынуы мүмкін.

Бұл ескерткіш жайдан-жай емес, бір істі қолға алуға үндейді, – деп жазылған тақтада. Ғаламдық жылыну әсерінен жер бетіндегі мұздықтар жыл санап жұқарып келеді.

Антарктидалағы мұздықтардың жылына 252 миллиард тоннасы ериді екен.

Томмидің 121-туған күні

Әлемдегі ең ұзақ өмір сүрген жәндік – Томми атты тасбақан 121-туған күнінен түсірілген суреттер интернетті шарлап кетті. Тасбақа Шейло Флористің отбасында 1909 жылдан бері тұрады. Әжесі Маргарет Клуонан 1 фунт стерлингке сатып алғанда тасбақа 11-де болған.

Шейлоның айтуынша, жәндіктің ұзақ өмір сүруінің сыры – отбасылық бақшадағы таза өнімдермен қоректенуінде, жарты жыл бойы ұйықтайтындығында. 62 жастағы иесі туғаннан бері тасбақаны асырап келе жатқанын, осы уақытта бірде-бір рет ветеринарға апармағанын айтып отыр.

Ең қызығы Томми қыс басталарда ұйқыға кетіп, иесінің туған күні 1 сәуірде оянады екен. Ғалымдардың айтуынша, тасбақалар орта есеппен 70 жыл өмір сүреді.



Жиенбай жырау

Жиенбай жырау 1864 жылы сол кездегі Қазалы уезі, Қармақшы ауданы, Қуандария болысы, №2 ауылда, «Ақтайлақ-кезен» деген жерде жалғанның жарығына келіп, ата-анасын қуанышқа бөлеген екен. Әкесі Дүзбембет елге сыйлы, сөзі уәлі, аузы дуалы жан болса керек. Анасы белгілі шайыр Шораяқтың Омары апасы екенін көп адам біле бермеуі де мүмкін.

усы үлгісін қалдырды. Ал, Жиенбай атамыз жайлы ақын-жыраулардың лебіздері аз емес. Шораяқтың Омары шайыр: «Дүзбембет ұлы Жиенбай, Ақ домбыра қолға алып, Ұшатын құстай қомданар. Ерегескен ер болса,

«Жаным Моншан» әндері сах-надан түскен жоқ. Рүстекен кезінде (1937-1938) қоғам қайраткері Сүлей-мен Ескараевтың туысы деген желеумен қауіптенгеннен кейін өзінің нағашы жұрты Керейтерге қоныс аударады. Олар-

Нағашы ағасы Омардың қасында көп болып, ақындық қабілетті бойына сіңірген Жиенбайдың жыраулық өнері елге тез таныла бастайды. Өзінің «Бастау әнінде» өз жайын төмендегіше білдіреді.

Сөйлеші тілім, сөйлеші, Жан шіркіннің сауында-ай. Дауысым бірден жүрмейді, Төгіліп терім арылмай. Бүгежеткеп жатырмын, Әлі де болса жазылмай. Сонда да тілім, сөйлеші, Төлеп мінген дөнендей, Аузыңды ашып арылдай, – деп бастайды да: (Жыраулар бұл бастаудың, осы бөлігін ата бермейді).

Қаумалап келген аға-інім, Барын базар етуге. Тербеліп жорғаң ағылды-ай, Қаракшыдан бір-ақ шық, Көрсетпей артақ шаңды-ай, Қуантып және жылатып, Жұрт көзінен жас алғыз. Алқалап қызған



Аманжол Жиенбайға ұзатқан екен.

Осы Ұлжаннан 4 перзент көреді. Үлкені Рүстембек, онан кейін Марқыма, Алқыма, Дастанбек. Рүстембек Балшаш шешесінің тәрбиесінде болған. Балшаш шешеміздің айрықша ықыласымен Рүстембекті бауырына салғанда, емшегінен сүт көрінген екен. Жиенбайдың жыраулығы Рүстембек пен Дастанбекке дарыған. Жиырмаға енді шыққан Дастанбек 1941 жылы Отан қорғауға аттанады, 1942 жылы Сталинград шайқасында ерлікпен қаза тапты. Ақын Рахмет Батырбаев «Сыр ұлына» деген поэмасында:

Сайыста Сырдың ұлына, Сыр түгіл етті қыр елең. Дастанбек дүрдің ұрпағы, Шабаты Сырша шіреген. Әкесі ақын Жиенбай, Гауһарын жырдың күреген. Рүстембек елі ағасы, Пырақ жырау, пірі өлең, Дастанбек те дейді екен, Қолтығым кеппес күрен ем, – деген жолдар арқылы Дастанбектің де жыраулыққа теңіне тартқан ұл екендігі анық байқалады. Марқмадан туған Ібн Аралбаев – республикаға танымал жырау.

Жиенбай жыраудың ізін өшірмей, халыққа рухани қызмет еткен ұрпағының бірі және бірегейі – Рүстембек жырау. Оның ең бірінші жырау ретінде елдің есінде қалғаны 1917 жылы атақты, тарихта қалған Шонайдың асы болды. Осы аста Жиенбай баласы 12-13-тегі Рүстембекке өлең айтқызыды. «Бала жырау» атанған Рүстембек көзі жұмылғанша осы биіктіктен түскен жоқ. Бір жырағанда себеп болады. Он төрт жасар Ұлжан әкесіне: «Мені атақты Жиенбайға бермегенде, кімге береді екен? Мен Жиенбайды таңдадым» – деген сөз барып

Екі талай жер болса, Аянбай шауып, жолды алар...

Тұрмағанбет ақын былай бағалайды: «Есенжан, Жүсіп, Жиенбай, Жүйріктері заманның, Отарбай әр жерден, Көрінетін бар-ақ бұрқылы...»

Ақын Қуаныш қожа Баймағанбетұлы былай деп жырлайды: «Жиенбай жыр дүлдүлі Кетедегі, Шәкірт қып көп шайырды жетеледі. Баласы Рүстембек о да жұйрік, Демейді Жиенбайдан бөтен еді...»

Белгілі түркітанушы Әуелбек Қоныратбаев «Қырық құбылтып, ән салған, шіркін Рүстембекке кім жетсін?!» – деп таңғалған екен. Ақын Әлиакбар Жұматаев былай дәріптейді:

Аптаны қойып, күнді алған. Алтындай таза, асыл сөз, Шын шеберден шыңдалған. Хан менен кара келсе де, Қалтқысыз сөзі тыңдалған. Белгілі жазушы Адам Мекебаев: «Рүстембек жаратылысында ақындығы да бар. Қажет жағдайда кергі басып, халыққа кесірі тиіп жүретін тоғышарды табан астында өлең шығарып ондырмай сын салағына алатын танымал және көптеген жұмырбасты пенде болып, жаратылған тіршілік иесінен гөрі құдіреті күшті Таңирдің жердегі өз өкіліне ұқсайтын қасиеті бар кісі болатын...» – деп қастерледі. Рүстембек ән шығаратын композитор да болған, оның «Ақ-толғай»,

дың жақсылығын ұмытпау мақсатында балаларына сол керейт тайпаларының аттарын қояды. Ыдық, Ерші, Көшеней, Бидас, Керейт, Андақұл, тіпті Көшенейдің ең алғашқы ұлының атын Арбалы деп қойып кеткен екен Рүстекен. Оның әйелі Анапия (1910-1978) Болаш деген бақсының қызы, шешесі Дәрі – Құлыс Кете Бекет Бидің қызы. Анапия 10 бала көтеріп, одан соғысқа дейін Ыдық пен Ерші ала қалады. Бала тұрмағандықтан Рүстекен Ыдықты «Жанымпида», Ершіні «Жаншүкір» дейді екен. Соғыстан кейін дүниеге келген Көшенейді «Жантәубе», ал Бидасты «Алланаң сыйлығы» деп атапты.

Қазақта тұқым қуалаушылық үрдісі қалыптасқан тылсым күш бар деп айтады. Осы ұрпақ сабақтастығы әлі үзілмей келе жатыр. Бұл кешегі біздің ата-бабаларымыз қасиет тұтқан өнер сабақтастығы деп білеміз.

Көшеней, Бидас туған мекен – «Сыр сүлейлері» деген атақты жер-жерге тартқан қасиетті топырақ. Ешнұз сал, Балқы Базар, Кете Жүсіп, Тұрмағанбет шайыр, Шораяқтың Омары, Жүсіпұлы Мұзарап, Бектасұлы Шегебай, Есен-жол, Аманжол, олардың ізін басқан Әлиакбар Жұматаев, Рзақ Мыңжанов, Ками Романов, Запа Дулаутбаев, Сабыт Жүсіпов және оларға тағы ертең ескерткіш орнатылатын жырауларды қосыңыз. Осындай орта Көшенейді, Бидасты, Арнаулы жырау, ақын етпей қоя ма?!

ЖАҚҚУЛОВ, ҚР мәдениет қайраткері, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, Жалағаш ауданының құрметті азаматы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Барлық ауыз су тұтынушылар назарына!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу басқармасы және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2019 жылғы 20 тамыздағы №82-НҚ бұйрығымен бекітілген «Қазушар» РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалының (жаңа учаскісі бойынша) ауыз суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне уақытша өтемдік тарифі тұтынушылар үшін төлемәкі мөлшері 2019 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілетіні хабарлайды. Суды таратушы желілер арқылы қызметінің орташа босату тарифі 1 текше метрге – 216,21 теңге КҚС-сыз, 242,16 теңге КҚС-мен.

- 1. Заңды тұлға үшін 1 м³ ауыз судың құны (бюджеттік мекемелер, жеке кәсіпкерлер және тағы басқа заңды тұлғалар): - 1 м³ ауыз судың құны 242,16 теңге КҚС-мен.
- 2. Халық үшін 1 м³ ауыз судың құны: - Суды есепке алу аспабы бар халық үшін КҚС-мен 30 теңге.
- Суды есепке алу аспабы жоқ халық үшін КҚС-мен 40 теңге.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу басқармасы және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2019 жылғы 20 тамыздағы №81-НҚ бұйрығымен бекітілген «Қазушар» РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалының ауыз суды магистральді құбырлар және таратушы желілер арқылы беру қызметіне уақытша өтемдік тарифі тұтынушылар үшін төлемәкі мөлшері 2019 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілетіні хабарлайды. Суды таратушы желілер арқылы қызметінің орташа босату тарифі 1 текше метрге – 450,08 теңге КҚС-сыз, 504,09 теңге КҚС-мен.

- 1. Заңды тұлға үшін 1 м³ ауыз судың құны (бюджеттік мекемелер, жеке кәсіпкерлер және тағы басқа заңды тұлғалар): - 1 м³ ауыз судың құны 504,09 теңге КҚС-мен.
- 2. Халық үшін 1 м³ ауыз судың құны: - Суды есепке алу аспабы бар халық үшін КҚС-мен 30 теңге.
- Суды есепке алу аспабы жоқ халық үшін КҚС-мен 40 теңге.

«Қазушар» РМК «Арал» салынып жатқан қаспорындардың бірлескен дирекциясы филиалы.

(БСН 110841003190 Қызылорда облысының әкілет департаментіне 2016 жылдың 1 сәуірінде тіркелген)

ЖОБА

Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялар нормаларын бекіту туралы Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 1244 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына және «Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 11094 нөмірмен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялар нормаларын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 1244 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 6476 нөмірмен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық бақылау банкіінде 2018 жылғы 6 қарашада жарияланған) қосымшасы жаңа редакцияда жазылсын.
2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды заңнамамен белгіленген тәртіппен қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Б.Намасева жүктелсін.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Қ. Мысқоков. Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы «__» _____ № _____ қаулысымен бекітілген

Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау жөніндегі басқармасының оңтүстік өңірдегі мекені мені сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдары атауы	Бір тоннаға субсидия нормасы, теңге
1.	Күріш	3500



Еліме туған 60 жыл!

Ауылым – алтын бесігім, Шайырдың қойған есімің. Жасаған ием жаратқан, Алтын дән етіп нәсібің.

Рұқсат болса ағайын, Өтейін айтып асылың. Елім деп өткен ерлерді, Ойлаған қамын халқының.

Тұлпарын ерттеп майданға, Атандырса ерлерін. Қақыратып дұшпанның, Қабырғасын соққан ел.

Ел дінгегің нықтан, Намысын елдің жықтаған. Желеп-жебеп ұрпағың, Әуағы Бабам жатқан ел.

Кетенің Текей батыры, Асыл туған қайратты ер. Арқасын кенге салатын, Талқандап қамал, тарқап шер.

Бас сардары Өз-Тәукенің, Күйреткен Текей жау шебін. Яссауидің мазары, Әуауағы бабам жатқан жер.

Бабаның рухын көтерген, Мырқайдай мықты ұрпағы. Туған, текті кетеден, Сырдың сұлу сұңқары.

Ешнұз, Омар, Жүсіптер, Сырдың жырлы орамы. Жыраға теңеп Сыр елін, Жыр толқынын ескендер.

Тұрмағамбет асылым, Жыр болып селдей тасыдың. Үкіметтен де қаймақпаң, Шындықты бетке айтқан ер.

Болмаған қаза намазы, Үбісұлғандай сабазы. Үш күн, үш түн көз ілмей, Шахнама жырлап өткен ер.

Әлиакбар мен Мұзарап, Жырымен құрған мәртебе. Ағайынды Тілеу, Қабақ, Әрқайсысы бір төбе.

Татулықтың үлгісі, Өңтай менен Жалғасбай. Арадан қыл өткізбес, Өткір қылыш алмастай.

Жүз шайырдың тобынан, Игерген өнер, сан алуан. Иығы жерге тимеген, Рахметолла палуан.

Биедей жырды иітіп, Саумал жыр – Рзақ татқан ер. Жырдың күмбез тұрғызып, Саялап жырды жатқан ел.

Зайыр, Запа, Бөрібай, Маржан сөзге тілі бай. Кәзденбек мінген торыдай, Шу десе жүйткіп шапқан ел.

Маржандай асыл сөздері, Ботадай кара көздері. Үрліхан елдің айнасы, Ой түйіп халқым, салған зер.

Қуандық, Берман, Жаппарым, Өсиет жырлап өткендер. Сыр елін, қылып – Жыр елі, Атандырып кеткендер.

Сыр сүлейі Сүйінбай, Сырдың жырын төккен ел, Алпыс жыл елге толғанда, Жүзге жасы жеткен ер.

Жетпіс жыл қалған елеусіз, Түп тамырын көктеді. Ашылды бүгін Тасберген, Жиенбай – жыр мектебі.

Бүлдіршінді қаптаған, Зәуре дүл дүл баптаған. Арайдай асыл қыз туып, Арайлап ақ таң, атқан ел.

Кілтін ұстап Оңғарбай, Мәдениет үйдің заңғардай. Өсиет жырды жанғыртқаның, Халқым қалмас аңғармай.

Киелі Ораз ахунның, Іргеге нары шөккен ел, Күміс көмей Көшенейдің, Балалық шағы өткен ел.

Ұмытпақ емес ел, халқым, Майданға кеткен ұлдарды. Оралмай қалды сан боздақ, Қорғауға кеткен Отанды.

Ұлы Отан соғыс батыры, Тәйіметтей шыққан ер.

Жаудың құтын қашырып, Көріне қуып тыққан ер.

Батыр ана Сәліма, Жайқалтып күріш еккен бел. Еңбек ері атандырды, Маңдайдан сел боп аққан тер.

Ардақты батыр аналар, Құрмет боп елде саналар. Жанай, Сақып, Мағужан, Алтынанн жұлдыз таққан ел.

Ұшақпенен Қылышбек, Әуеге елді самғатқан. Бүгінде көпке елес тек, Ақ дөңізім шаңдатқан.

Иемденген көліктің, Ең алғашқы шыққаның. Автокөлік маманы, Өмірзақ, Қалжан, Ақтаным.

Қаражан, Жұпар, Асанхан, Білімді биік шыңдаған. Ұстаздық етіп жалықпай, Өспіріңді шәкірт мыңдаған.

Түп-тамырын тарихтың, Ұрпағы жүрек қорғаштай, Мәлік, Сауар, Әліптер, Тарихым қалған шаң баспай.

Жас балуанды Бердібек, Танитқұған тұлғадан. Баптаған ағай шәкірттері, Күресте сағы сынбаған.

Ағаштан түйіп түйінді, Салып ед халқым үйінді. Еліне адал қызмет қып, Ұсталық Жаппар еткен ел.

Темірден түйген түйінді, Еңбекпен жеген қиынды. Пісіріп отқа темірді, Жәрімбет кетпен соққан ел.

Оза туған қатардан, Ыбырайдан бата алған. Бірінші «сахаевшы» атанған, Әбендей дикан туған жер.

Жаңбырбай, Байдан, Жақсылық, Жерге дақыл секпендер. Ұзақбай, Айтжан, Көңөлбек, Дақылды баптап екендер.

Сейдахмет, Марха ағам, Бау-бақшасын еккен ел. Тракторға Ердігул, Майбөшкене жеккен ер.

Дөкейдің баптап тұлпарын, Елінің шолған Ұлтаның. Жанын жайсаң Жанұзактың, Башшылар терең ұққан ер.

Әшімбек, Тәсілім, Жәнібек, Ой-өріс жетік, қабілет. Жоктан бар ойлап шығарар, Саусақтан бал тамған ер.

Аманжол, Райыс, Күзембай, Техника бабын тапқан ер. Қатардан биік көрінген, Республикаға мақтан ер.

Заманның бір бәлесі, «Дауылқол ауыл кенесі», Басқарып Қаппар, Шайқасым, Түйінін сөздің шешкендер.

Кіріс пенен шығыстың, Нүктесін қойған асылым. Мұхамбетқали, Мүсілім, Жаңақаша есеп шаққан ер.

Тәнірберген, Жанұзақ, Ақ бас сиыр баққан ел. Іргесін елдің паналап, Елеусіз қойын баққан жер.

Нұралбек, Телеубай, Есіркеп, Түлігін Қамбар атаның. Көбейтіп жылқы қатарын, Сөйгүлік баптап, баққан ер.

Келтіріп түннің ажарын, Жарқыратқан Базарым. Арқасында шебердің, Болмаған кенде тоқтан ел.

Қаппар, Айсулу, Шәрікүл, Дөп айтар сөздің ашығын. Шыңдалған шындық елімде, Тұншығып қалмас жасырын.

Пайғамбардың үмбеті, Уағыз айту міндеті. Алдашбай Ахун ұрпағы, Минаур – елдің құрметі.

Аллам өзі жарылқасын, Өмірбек, Парашат, Әбілқасым.

Сырақтың емдеп халқымың, Аурудың бабын тапқан ер.

Көшер менен Бакберген, Нұртілеу, Сержан, Ырзақұл. Еңбегі ерен бағалы, Халқына қызмет еткендер.

Жас, бозбала шағынан, Халқына қызмет еткен. Ата Заңнан нәр алған, Генерал ағам – Бағыбан.

Ерландай елім ер туған, Ел басына күн тұса, Қол қушырып отырған, Арыстай асыл, нар тұлғам.

Мәскеуде шындап білімін, Білікке қолы жеткен ер. Зайырдың алтын сынығы, Ғалым боп Сәтбай шыққан ел.

Елінің қорғап мүддесін, Байқаса қолы шыңдаған. Ұстаздық етіп жалықпай, Қыр-сырын Қайрат, ұққан ер.

Ел басқарып Нұржаны, Қамбаға құйып олжаны. Еңбек етіп табысын, Маңдай термен тапқан ел.

Ұққан жайын шәкірттің, Зәрипа апай қадірлім. Жас буынның бойына, Құясың нәрін білімнің.

Елде көп айтсам әрине, Білікке қолы жеткен ер. Атамай кеттің мені деп, Асыл халқым сөкпендер.

Еліме туған, алпыс жыл, Толып жатыр бүгінде. Бел буған мен де балаң ем, Ақтарып жырды тауға.

Асылым елдің ардақтап, Айтты өттім тармақтап. Құрмет тұтып жас буын, Естеріңе, ал сақтап.

Түйсігі терең елімің, Жиыртпақ – хошы көңілің. Өсиетпен бойы шандалып, Астарын сөздің ұққан ел.

Жақсыдан үзбей күдерін, Жастардың қайрап жігерін, Елжіретіп жүрегің, Үміттің отын жаққан ел.

Жырауы жырлап жырларын, Келтірер мақам ырағатын. Қоздырып елдің арқасын, Көңіліңді кілтін тапқан ел.

Қазына болып қарттары, Саналы болып жастары. Қырандай көкте самғаған, Ұрпаққа сенім артқан ел.

Ұлдары текті, иманды, Қыздары көркем, ибалы. Шауағын төккен күн көзі, Қызырып қимай батқан ел.

Қызын алып ардақты, Күйеу болып салмақты, Құда қылып жан-жақты, Араласып жатқан ел.

Бағындағы саялы, Ұрпағы өсіп аялы. Немере сүйіп, шөбере, Қызығына батқан ел.

Жүз шайыр шыққан елінен, Көмеймен жыр катқан ел. Сырдың бұрып сағасын, Аю жарма аққан ел.

«Сыр» менен «Қуан» арасы, Келетер туын тіккен жер. Ұзақ болсын гүмұрың, Алпыс жас тойлап жатқан ел.

Құрдастармен, ардақты, Алтынан да қымбатты. Тай құлындай тебісіп, Ойнап күліп өскен ел.

Қабыл ал алтын бесігім, Кіндік қаным тамған жер. Қатайтып қанат өмірге, Белімді бекем бұған ел.

Бақыты едім Әбдуң, Жырыммен шашып, шашуды. Алпыс жылдық тойына, Алпыс шумак тартқан ер.

Бақыт ӘБУОВ.

Бөзкөлдегі «Ауыл күні»

Қазалы ауданындағы Бөзкөл ауылында «Туған өлкем, қандай көркем» атты «Ауыл күніне» арналған салтанатты шара өтті. Мерекелік саябақта ауыл өнерпаздарының театрландырылған көрінісімен басталды. Халық арасында «Бала ахун» атанып кеткен Тілеумұрат Қошанұлының ұлағатты өмір жолын сахналық көрініспен сомдаған өнерпаздар көшіліктің дыбыс ықыласына бөленді.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Тұрғындардың қуанышын бөліскен Қазалы ауданы әкімі Мұрат Ерғешбаев өзінің құттықтауында бірлігі бекем, тірлігі тынақты елдің алар асуы биік боларына тоқталды.

«Ауыл күні» аясында осы ауылдан шыққан азаматтар, тұрғындардың демеушілігімен салынған «Бала ахун» атындағы жаңа мешіт ел игілігіне берілді. Мешіттің ашылу рәсімінде аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Орағали Бекбанов, «Жанқожа батыр» атындағы орталық мешіттің бас имамы Берікқажы Сүлейменов ақ тілегін білдірді. Бөзкөлдіктер атынан Күнәжат Қаниев рухани орталықтың салынуына үлес қосқан барша азаматтарға алғыс айтты.

Бағдарлама барысында ауыл тұрғындары әртүрлі спорттық жарыстарды тамашалады. Жастар сыңға түскен қазақ күресі, арқан тарту, волейболдан өткен жарыста мықтылар анықталса, бөйге ауыл мерекесінің көрінісін қыздыра түсті. Шара орталық саябақта аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласып, отпашумен аяқталды.

Қазалы ауданы.



«БАЛАНЫ ОЙЫНШЫҚ ӨСІРЕДІ» Ортағасырдағы ойыншық қандай еді?

Ортағасырлардағы балалар әлемі, яғни өмірі мен олардың қызығушылықтары туралы ғылыми еңбектерде көп айтыла бермейді. Сол уақыттағы ойындар мен ойыншықтар туралы мәліметті көркемсурет миниатюралар мен археологиялық жәдігерлерден ғана көре аламыз. Оғыздарлық астанасы болған Жанкент шабарынан табылған ойыншық ат қазіргі балалар педагогикасы мен психологиясы, қолөнершілер үшін де таптырмайтын олжа болып отыр. Қазақ халқында «Баланы ойын өсіреді» деген даналық сөз бар. Бала ойын жүріп ойнанады, көңілі өсіп, ойы сергиді, денесі шымырланады. Ойын арқылы тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, дәстүр жайлы танымы қалыптасады.

Тарихи дәуірлерді бойлай ойын мен ойыншық адамзаттың рухани мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігінің ажырамас бөлігіне айналды. Олар – қоршаған орта, табиғат, адам туралы қалыптасқан ойдың айнасы. Ат бейнесіндегі ойыншықтар ортағасырларда балалар арасында үлкен сұранысқа ие болғанға ұқсайды. Қанша ғасыр өтсе де ер балалардың таңдауы ойыншықтың осы бір түріне түседі. Қандай заманда болмасын ер балалар батырлар ерлігін үлгі етіп, сол уақыттағы ердің қанаты болған атты дәріптеп, ой-қиялына ерік беру үшін ойыншық атпен ойнаған.

Ойыншықтар – адамзат қолынан шыққан декоративті қолөнердің бастауында болған десек, қателеспейміз. Сыр өңіріндегі ортағасырлық Жанкент қалашығына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған ойыншық ат – осының дәлелі. Ойыншық ат Х-ХІ ғасырлардың мұрасы ретінде мерзімделеді.

М.Рабинович бастаған ғалымдардың классификациясы бойынша саздан жасалған ойыншықтар бейнелеу ойыншықтары (жануарлардың зооморфты бейнесі, т.б.), ермек ойыншықтар (ысқырық-құстар, сылдырмақтар, т.б.) және еліктеу ойыншықтары – имитация (мыс., балалар ойыншығы мен үй жиһаздары, т.б.) болып 3 топқа бөлінеді. Ортағасырлық ойыншық ат жылқы малының зооморфты бейнесін бейнелегендіктен бейнелеу ойыншықтарына жатқызылады.

Ат бейнесіндегі ойыншықтардың балалар арасында кең етек алуы – сол уақыттағы ел мен жер үшін болған шайқастардың нәтижесі. Ата-ана, туған-туыс тарапынан құлақтарына күнде сінгіріп отырған батырлар ерлігін қайталап, жаумен шайқасты көрсету үшін ойыншық аттар пайдаланылған. Сол себепті де ер балалардың ең сүйікті ойыншығына айналған.

қанға ұқсайды. Дәулетті, орта және төмен тұрмысты ортадан шыққан балалардың ойыншығы да сәйкесінше сапасы, көлемі, безендіруі жағынан әркілі болған. Аталған ойыншық тұрмысы төмен ортадан шыққан баланың өз қолымен жасаған бұйымы болса керек. Ойыншық ат облыстың тарихи-өлкетану музейінің «Қасиетті Қазақстан және археология» залы экспозиция-

мен данышпандығына, Ораз, Басат, Қан Төрәлі, ағайынды Екрек пен Секрек батырлардың ерлігіне еліктемей қоймайды. Гәуірлермен (кәпірлермен) шайқасқан оғыз батырларының ерлігі және олардың шабандоз аттары (жылқы) асқақтап, ауыздан ауызға жыр боп тарап, ер балалар ойыншығын да басты кейіпкері болғанға ұқсайды.

Оғыздарға жүздеген жылдар бойы астана болған Жанкент



Жануар бейнесіндегі бұйымдар жануардың шынайы бейнесін не болмаса мифтік образын береді. Музей экспозициясында орын алған ат бейнесіндегі бұйымды сол уақыттағы наным-сенімді білдіретін культтік бұйым немесе керамикалық ыдыстың қақпақтарында кездесетін жануартеректе тұтқа болуы мүмкін деген тұжырым болған. Дегенмен, Жанкент қалашығынан табылған ат бейнесіндегі бұйымға салынған ер жоғарыдағы тұжырымды жоққа шығарды. Көп жағдайда культтік сакралды бұйымдар нәзік әрі әсем жасалынады, қолға үйретілген жылқыны емес, даланың еркін жануары бейнелейді. Ал, «қақпақ тұтқасы» дегуе де бұйымның белі астынан сауасқты сала көтеретін тұсының төмен орналасуы және үстіндегі жапысырма ері кедергі жасады. Атка қосымша жабыстырылған ер екі нұсқаны жоққа шығарып, ортағасырлардағы балалар ойнаған ойыншық ат деген тұжырымды алға шығарды. Ерттелген ойыншық ат керамикадан жасалынған, бала қолынан шық-

сында орналасқан. Сырт көзге кішкентай көрінген дүние қала қонақтары мен тұрғындарының қызығушылығын тудыруда.

Антикалық дәуірдің ойышылы Аристотель ойын мен ойыншықтың маңызына үңіле келе, ойыншықтың бала тәрбиесіндегі ролін айрықша атап кетсе, Платон «ойыншық – баланы ақыл-ойын қалыптастыратын және сыйнайтын дүние» деген. Әр бала шынымен қызықты нәрсені және жаңа дағдыларды үйренуге ұмтылады. Ойыншықтардың мақсаты – балалардың үйлесімді дамуына көмектесу. Бұл ежелгі дәуірде де, біздің уақытқа да қатысты.

Оғыздар заманынан сыр шертетін «Дирсеханұлы Бұқашан туралы жыр», «Қазан Салордың ауылын жау шапқаны туралы жыр», «Байбөрі туралы Бәмсі Байрақ туралы жыр», «Қазан бектің баласы Ораздың жауға қалай тұтқын болғаны туралы жыр», «Оғыз Қазылық баласы Иекен», «Бекілі ұлы Эмран батыр туралы жырларын» естіп өскен бала Баянұр ханның әділдігіне, Қорқыт бабаның көсемдігі

шахары VII-XIV ғасырларда өмір сүрген. 1219 жылы Сыр бойындағы оғыз-қыпшақ қалаларының қирауына монғол шапқыншылығы қатты әсер етті. 400 жыл бойы қалалық мәдениет жасаған оғыз-қыпшақ тайпалары тағы да көшпелі өмірге түседі. Дегенмен, Жанкент қаласы XIV ғасырда саудан мен қолөнер орталығының бір ретінде қайта көтерілді. Сыр бойындағы тарихы терек қалалардың бірі – Жанкент қалашығына археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп келеді. Түркі дүниесінің ұлы абызы Қорқыт баба және басқа да оғыз хандары өмір сүрген Қазалы аймағында орналасқан ортағасырлық қаладан оғыз мәдениетінен мәлімет беретін балаларға (жастар) қатысты археологиялық олжалар (ойыншықтар коллекциясы) шығарды деген үміттеміз.

Әйгерім БЕКҚҰЛИЕВА,
облыстық тарихи-өлкетану музейінің білім менгерушісі.

Аграрлық несиелік корпорациясы қолдау ауқымын ұлғайтуда

Мемлекеттік қаржы институты тиімді бола ала ма? Қазақстанда мұндай құрылымдардың, әсіресе аграрлық сектор жұмысы күмән туғызуда. Алайда әзірше «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингінің құрамына кіретін құрылымдар ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін қаржыландырудың негізгі көзі болып қалуы.

Аграрлық қаржыландыру нарығындағы ең белсенді ойыншықтардың бірі – «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ. Компания 2001 жылы құрылған және бүгінгі күні агроөнеркәсіп кешінің дамуы саласында өз қызметін жүзеге асыратын ірі қаржы институты болып табылады. АНҚ Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешінің дамуында 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде айқындалған ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың басым бағыттары бойынша кредит беру бағдарламаларын жүзеге асырады.

Корпорацияның миссиясы жеке қаржы институттарын тарту және АӨК субъектілерінің қузыретін арттыру арқылы қаржыландырудың қолжетімді және тиімді жүйесін қалыптастыру жолымен елдің агроөнеркәсіптік кешінің тұрақты дамуына көмек көрсету болып айқындалған.

Ең басты мәселе – осы миссияның орындауға корпорацияның мүмкіндігі қаншалықты екендігінде. Егер Холдинг өзінің еншілес компанияларын қаржыландыру бойынша тауду жүргізсе, онда соңғы жылдары Аграрлық кредиттік корпорацияда қаржыландыру өскенін көруге болады.

2016 жылы «ҚазАгро» еншілес компанияларын қаржыландырудың жалпы көлемі 224,3 млрд теңгеге құрады, оның ішінде АНҚ – 122,2 млрд теңге немесе 55%. 2017 жылы қаржыландырудың жалпы сомасы 245,7 млрд теңгеге дейін өсті, оның 153,49 млрд теңгесі немесе 63% – ны АНҚ үлесіне тиді. 2018 жылы Холдинг өзінің еншілес компанияларын 385,2 млрд теңгеге қаржыландырды, оның ішінде 258,7 млрд теңгесі (68%) АНҚ-ға жіберілді.

Осы салымдардың нәтижесі қандай? Бүгінде Аграрлық несиелік корпорациясында Қазақстанның барлық облыстары бойынша 16 филиал және 1 өкілдік жұмыс істейді.

Жалпы, 2001 жылдан бастап корпорацияның қолдауымен елде 20 мыңнан астам ауыл шаруашылығы өнімін 157 ауылдық ауданда біріктірген 203 несиелік серіктестікті құрылды. 17 жыл ішінде несиелік серіктестіктері арқылы фермерлерге 381,7 млрд теңге сомасына 51,5 мың несиелік берілді.

Қазіргі таңда АНҚ тиісті лицензия негізінде банктік қарыз операцияларын жүзеге асыру; кредит беру жолымен ауыл шаруашылығы секторын қолдау жөніндегі бағдарламаларды іске асыруға қатысу; отандық және шетелдік инвестицияларды тарту; агроөнеркәсіптік кешіндегі инвестициялық жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу; қаржы институттарын қолдау ретінде сияқты бағыттар бойынша жұмыс істейді.

Осы бағыттардың әрқайсысы-өзіміздің агроөнеркәсіп кешінің ең түрлі сегменттерінде жұмыс істейтін нақты кәсіпорындар мен өндірушілер. Егер «ҚазАгро» холдингіне кіретін компаниялар жұмысының нәтижелеріне қарасақ, 12 жыл ішінде Холдингтің еншілес компаниялары 142 жаңа жылдай қаржыландырылды. Тек 2 жыл ішінде АҚК арқылы 40 га өнеркәсіптік жылжымайлар қаржыландырылды, тағы да 6 жоба қаралу үстінде. Бұдан басқа, соңғы екі жылда, яғни корпорацияның өзін қаржыландыруы айтарлықтай артқан кезеңде, АНҚ мың гектардан астам өнімді бақтарды құруға қаражат салды.

Корпорация мал шаруашылығын дамыту бағдарламасын іске асыру бойынша негізгі операторлардың бірі болғандықтан, АӨК осы секторындағы жобаларды қаржыландыруға үлкен көңіл бөледі. Осылайша, соңғы екі жылда Корпорация бөлген қаражатқа жалпы қуаты 9,5 мың бас сүт-тауарлы фермалары, қуаттылығы 48,1 мың тонна құрама жем зауыттары құрылды. «ҚазАгро» Холдингінің есептеріне сәйкес, бұл көрсеткіштер Холдингтің барлық еншілес компаниялары 12 жыл ішінде қаржыландырылған жобалардың жартысына тең.

Бүгінгі күні АНҚ қаржылық көрсеткіштері – меншікті капиталы 153 млрд теңгеге, активтері 438 млрд теңгеге, қарыздық портфелі – 372 млрд теңгеге бағаланады.

2018 жылдан бастап Корпорация 2026 жылға дейін бекітілген жаңа Даму стратегиясы бойынша жұмыс істейді. АӨК дамуындағы 2017-2021 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасы негізінде құрылған стратегия желді қызметті жетілдірумен қатар қаржы институттарымен әріптестікті дамыту және тікелей емес қаржыландыру үлесін арттыруға көзделді. Мұндай тәсіл шағын және орта бизнес секторын әртүрлі кредиттік өнімдермен барынша қамту үшін нарықтық сараулауды нақты саясатын жүргізуге мүмкіндік береді.

Бүгінде компания жариялы. Тіпті АНҚ дәстүрлі жылдық есебі компанияның операциялық және қаржылық қызметінің негізгі қорытындыларын ғана емес, сонымен қатар Компанияның корпоративтік басқаруы туралы, Директорлар кеңесі мен басқарманың қызметі туралы ақпаратты да көрсетеді, тәуекелдерді басқару мәселелерін, тіпті әлеуметтік саясатты да ашық көрсетеді.

Мәселен, соңғы екі жылдық есептеріне кадрлық және әлеуметтік саясат бойынша болімдер енгізілген, саладағы макроэкономикалық жағдайды тауду және саланы дамытудың болашағын болжамдық бағалау енгізілген. Есептерінде жеке бөлімі корпорацияның даму стратегиясына арналған және негізгі міндеттер туралы ақпаратты ғана емес, қызметтің негізгі көрсеткіштері бойынша таудуы қамтылды, бұл компания жұмысының прогресін бағалауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ жылдық есепте тәуекел-менеджмент жүйесінің жұмысы көрсетілген, негізгі тәуекелдердің әсер ету дәрежесі және олардың туындауы ықтималдығы көрсетілген тәуекелдер картасы ұсынылған, сондай-ақ есепті жылдағы нақты тәуекел аймақтарын басқару жөніндегі жұмыс егжей-тегжейлі ашылған. Мұндай есептілік форматы – қазақстандық квазисектор компаниялары үшін әлі де сиректік, бірақ соның арқасында Корпорация өзінің қолданыстағы және болашақ клиенттері үшін толық ашық және әркім оның дамуы мен тиімділігін дербес бағалай алады.

Г.ДІЛДӘБЕКОВА.



Қазақ стратегиялық зерттеу институты сарапшыларының айтуынша, әр заманда кейбір мамандықтарға сұраныс тоқтайды. Есесіне жаңа мамандықтар пайда болады. Бұл – уақыт талабы және өмір заңы.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Жойылмайтын мамандық таңда!

Жылдар өткен сайын технологиялар жанарып, қондырғылар ескіреді, құрал-жабдықтар металл үйіндісіне айналады. Соған орай мамандықтар да ескіріп, мүлде жойылады. Бұл – технологиялық шикілдер алмасуында орын алатын табиғи процесс. Мәселен, бағыя көшірлерді такистер алмастырса, почтальондарды пошта сервисі ауыстыруда. Бұрынғы шикілдердің алмасу уақыты оңдаған жылдарға, тіптен ғасырға жуық кезеңге созылса, қазіргі алмасудың уақыты 10-15 жылдан аспауда. Әрине, мамандықтың «қартаюы» бір сәтте жүзеге аса қалмайды. «Зейнеткерлікке үміткер» мамандық туралы зейнеткерлікке кеткен кезінде емес, одан бұрын хабарлар болған артық. Сондықтан да мамандық таңдағанда жақын арада жойылатын мамандықты игеруге құлшыныс жасаудың қажеті жоқ секілді. Әрбір адам заман ағымын түсініп, уақыт талабына сай өзін бейімдеуі тиіс.

Қазіргідей технология күн санап қарыштап дамып бара жатқан заманда бүгін бар мамандықтың күні ертең мүлдем қажетсіз болып қалуы оң-оңай. Ал, енді болашақта қажетсіз болып қалатын мамандықтарға келсек, аталған институт сарапшыларының пайымынша, қағаз-баспа өндірісі, архив-кітапхана және пошта байланысы саласы түгел дерлік жоғалмақшы. Егер зер сала қарайтын болсақ, қазіргі өзінде интернеттің дамуына және электронды қызметтер ауқымының кеңеюіне байланысты қағаз-баспа өндірісіне деген сұраныстың күрт азайғаны байқалады. Электронды кітаптар, электронды журналдар шықты, қағаз газет-журналдардың орнын ақырындап порталдар мен сайттар басуда. Ақпарат ағымының күн санап өсуіне байланысты қағаз нұсқадғы құжаттарды сақтайтын архивтерге деген сұраныс та кеміп барады.

«Өлмейтін мамандықтар» деп қай мамандықтарды айтуға болады? Қазіргі таңда мамандықтар мына үш мамандықты «өлмейтін» мамандыққа жатқызып, соғалды менгеруге кеңес береді. Бірінші – маркетинг. Қазақстанда кеңеліп тұрған сала. Елімізде жақсы өнімдер көп. Оны сату үшін дұрыс жолды білу үшін осы саланы дамыту керек. Екінші – ақпараттық технология. Біздің бүкіл тұрмысымыз, күнделікті іс-әрекетіміз IT саласымен тікелей байланысты. Үшіншісі – басқару. Қазір ақпарат та, сұраныс та, жүйе де көп. Оның бәрін бір орталықтандыру керек. Үшеуінің даму қарқыны өте жоғары. Сондықтан үнемі сұранысқа ие. Бірақ жұрттың бәрі осы аталған мамандықтарға ғана бет бұрмайтыны белгілі.

Жалпы өлмейтін мамандықтар жетіп-артылады. Ол әсіресе асыраушы салада молынан кездеседі. Ауыл шаруашылығы мамандарына деген сұраныс ешқашан кемімеке емес. Өйткені, адамзаттың тыныс-тіршілігінде азық-түлік аса маңызға ие емес пе? Бүгін осы салаға қатысты жүздеген мамандық ішінен біреуіне ғана тоқталып кеткенді жөн көрдік. Ол – ветеринар мамандығы. Көнегі кенестік кезінде ветеринария қызметіне аса көңіл бөлінгенін жақсы білеміз. Мал дәрігерлері кеңірек болып ауыл шаруашылығында қызметкерлері саналды. Мал басын аман сақтау мен көбейтуде, таза, сапалы мал өнімдерін молайтуды мал дәрігерлері шешуші рөл атқаратын.

Ал қазір оған сенен қалған мамандық ретінде қарайтынмыз жасырын емес. Бұл өте қате ұғым. Бүгінгі таңда ветеринарларға әлі де дұрыс мән берілмеуде. Алайда, бұл уақытқа ғана құбылыс деп ойламайы. Бұл мамандыққа аса қатты көңіл бөлінетін кез де алыс емес. Уақыт, заман талабы осыған алып келетіні сөзсіз. Кеңестік гелминтология ғылымының негізін салушылардың бірі академик К.С.Крыбиннің «Медицина – адамды, ал ветеринария бүкіл адамзатты емдейді» деген сөзі маңызды ешқашан жоймақ емес. Өйткені, адам ауруларының 70-80%-і мал және одан алынған өнімдерден беріледі. Сондықтан да оның алдын алатын мамандарға деген сұраныс арта бермек.

Төмендегі мәліметтерге көз сала кетелік, еліміздегі жоғары оқу орындарының 12-сі ветеринар-маман даярлайды екен. Жыл сайын мемлекет 630-640-қа жуық грант бөледі. Алайда, ауыл-аймақтарда ветеринар жетіспейді. Оның басты себебі грантты жеңіп алушылардың 80%-ке жуығы қыз балалар. Олар ауылға барып, мал дәрігері және малға қарайтын маман болып істегісі келмейді. Мемлекет бұл өзекті мәселенің шешімін табады деп сенеміз.

Біле білсек, малдәрігерлік тәмамдағандарға қалайық жерде де жұмыс жетерлік екен. Олар ветеринарлық дәріханада, зертханада, емханада, кенде, аң өсіретін фермада, хайуанаттар бағында және азық-түлік базарларында жұмыс істей алады. Қазір қалада үй жануарларын – ит, мысық, қоян, кептер, тотықус және т.б түрлерін асырайтындар аз емес. Олар ауырып қалса, ветеринарлық клиника мен ветеринарлық дәріхана қызметі керек болатыны анық. Қазақстан – өркениетті елдер қатарына табылуды мақсат тұтып, сол бағытта жұмыс жүргізіп келеді. Олай болса, дамыған мемлекеттердегідей үй жануарларының есебін алып, олардың уақытылы екіден өтіп отыруын қадағалайтын кезеңге де жетерміз. Ауыл шаруашылығында мал өнімдерін деген талап күшейе бермек. Сол кезде ветеринария қызметінің маңызы арта түседі. Сондықтан да мамандық таңдаған жастар ветеринар өлмейтін мамандық екенін біліп жүргені абзал.

АКЦИЯ

Жақсылық жасауға асығайық

Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебінде республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында «Жақсылық жасауға асығайық» тақырыбында облыстық шара өтті. Акцияның мақсаты – мектеп жасындағы балаларды оқу, тәрбие ісінен шет қалдырмай, оларға материалдық көмек көрсету. Бұл жаңа оқу жылында әрбір баланың бойына сенім, жанына жігер ұялататыны сөзсіз.

Шараға қазақстандық сала-меткерлері кәсіподағының ылым және ғылым қыз-облыстық төрайымы Райқұл

Байназарова, қалалық кәсіподақ ұйымының төрайымы Орынша Әлімбаева, «Nur Otan» партиясы «Туран» филиалы төрағасының бірінші орынбасары Есенжол Назаров және Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқу-тәрбие ісі жөніндегі проректордың міндетін атқарушы Жандос Базартай қатысты. Акция барысында Қорқыт ата университеті қызметкерлерінің демалушылығымен 20 булдіріңгіге сый жасалды. Ал облыстық білім беру қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрайымы Райқұл Байназарова 20 балаға, қалалық кәсіподақ ұйымының төрайымы Орынша Әлімбаева 80 оқушыға, мектеп директоры Айгүл Мұсабаева 10 оқушыға оқу құралдары мен мектеп формасын және спорттық киімдер сыйға тартты. Осылайша балалар қуанышы еселенді. Акция шенберінде оқушыларға қолдау көрсету алдағы уақыттарда да жалғасын табады.

Б.ЖАҚСЫЛЫҚ,
мектеп директорының орынбасары.

РУХАНИ ЖАҒҒЫРЫ

LATYN QARPIN ÜIRENEMİZ

Құрметті оқырман!

Облыстық «Сыр бойы» және «Ақмешіт жастары» газеті жалпыхалықтық латын қарпіне үйретуді бастады. Бүгін сабақтың – тоғызыншы күні.

Сонымен Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы мамандарының Қазақ әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезек-кезеңмен көшіру жөніндегі республикалық іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру мақсатында дайындалған «Жаңа қазақ әліпбиінде жазуға дағды қалыптастыратын жұмыс дәптерін» белсенді орындауға шақырамыз. Ұсынылған әдістемелік құрал латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің әріптерін жазуға үйретеді. Графикалық тапсырмаларды орындау арқылы тіл үйренуші әріптерді дұрыс жазуды және олардың байланысын ажыратуды меңгереді.

Берілген тапсырмалардың жауаптарын tilortalyk_kzl@mail.ru (тел.: 70-06-81) электронды поштасына жолдап, марапатқа не болыңыздар!

Qurmetti oqyрман!

Qyzylorda oblysynyń tilderdi oqyту орталығы мамандарының Qazaq әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезек-кезеңмен көшіру жөніндегі respýblıqalyq is-sharalar josparyn júzege asyту маqsatynda дайындалған «Jańa qazaq әліпбиінде jazуға daғды qalyptastyratyn jumys дәpterin» belsenді orындауға shaqyramyz. Usynylған әдіstемelіk qural lатыn grafikasyna neгіzdelgen qazaq әліпбиінің әріpterin jazуға үiretedi. Grafikalыq tapsymalardy orындау арqyly тil үirenыshі әріpterді duryc jazуды және olardyń baılanysyn ажyратуды меңгереді.

Berілgen tapsymalardyń jaуaptaryn tilortalyk_kzl@mail.ru (tel.: 70-06-81) elektrondy poshtasyna joldap, mарапатqa ne болыңыздар!

Jumys дәpterі
Aty – jóni:

Hh

1. Ғрипти jazыуыз.

H
h

2. Sözderdi oqyуыз. Qajetti әripti jazыуыз.

at, tar, mu, it, abar, alyq, dastar, an, Dar, an, tse, dam, ana, shai, ana, or, shtrı, shet, As, at.

3. Söilemді kóshirip jazыуыз.

Darhan hor bóliminde әn atady.

Dámhanada asty óte jaqsy jasadы.

Ashat әskerden anasyna hat jazды.

4. Sýretterdi sipattap sózben jazыуыз.



5. Sýretti sipattaуыз.



ӘДЕП

Үш бақытым бар менің алақанда



Әлімсақтан бері адаммен бірге жасасып келе жатқан әдеп – амандасу. Алла Тағала Адам атаны жаратқан соң «Анау топқа барып сәлем бер, олардың не деп жауап қайтаратынын тыңдап көр. Бұл – сенің ұрпақтарыңның сәлемдесуі» – деген.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ.

Сөйтіп, Адамды періштелермен амандастырған. Содан бері сәлемдесу мұсылман үшін періштелер мен пайғамбарлардың сүннәті болып саналады. Пайғамбарымыз сәлемдесуді, анығырақ айтқанда сәлемге жауап қатуды бір мұсылманның екінші мұсылман алдындағы хакисы деп анықтап кеткен.

Біздің қасиетті Хадистерден мысал келтіріп отырғанымыз түсінікті және бұл сөздерді бірінші рет айтып отырған жоқпыз. Қайталап айтып отыруымызға күнделікті көрініс беретін мына екі жағдай еріксіз себеп болды.

Біріншіден, біз амандасқан адамға дұрыс жауап бермейміз. Тағы да Пайғамбар сөзін алайық: «Екі мұсылман кездескенде емен-жарқын бір-біріне қол беріп, амандық-саулық сұрасса, қош айтыспай тұрып екеуінің де күнәлары кешіріледі». Ал, біз болсақ «ассалаума ғалейкум» деген кісіге «қалайсың» дейміз не болмаса «хон» деп қолымызды сарт еткізе саламыз. Амандасуға бұлайша немқұрайлы қарау – біздің сауатсыздығымыз бен құрметсіздігіміздің белгісі. Қатқыл айтсам, кешіріңіздер, «жазында көргені жоқтың өскенде айтары жоқ» дегендей, егер бала бойына жастайынан амандасу әдебін сіңірмесек, дәл осы халге душар боламыз.

Екінші көріп жүрген келеңсіздігіміз – амандасқан сотізде жұдырығын немесе қолының сыртын беретін сабаздардың қылығы.

Адам не үшін алақанда амандасады? Алақанда шипа бар.

Алақанда амандасқанда екі адамның биоөрісі алмасады, яғни, адамдар бір-бірінен қуат алады. Алақанда Алланың есімдері жазылғанын ұмытпау керек. Алла Тағала әлімсақта Адам атаны періштелерге не үшін амандастырды, осыған ой жүгіртіңіз. Бұл жерде Жаратушы адамдардың берекесі мен бірлігін ойлады. Береке бірлікті сақтап тұру қоймада шикізат сақтау емес, аса нәзік хәм қиын іс. Сол қағидаттардан айныған Сирия сияқты елдер әлі соғыстан көз ашпай келе жатыр.

Ал, енді алақанда жазу бар деген сөзге келейік. Алақан сырғын зерттейтін хиромантия деген ғылым күндіз-түні қасқа басын қос қолдап ұстаса да, «алақан сызықтарында адамның тағдырына, денсаулығына қатысты ақпараттар бар» дегеннен аса алмай дінкәлап отыр. Алақанда қарап бал ашатындарды еске түсіріңізші, солар бірден білетін сияқты. «Үш бақытым бар менің алақанда» деп өлендеткен Мұқағали ақынның да әулиеліктен алыс емес екендігін мойындау керек. Өйткені әлгі хироманттар алақанда «өмір», жүрек», «ақыл» сызықтары болады деп үш атауға тоқтаған.

Жалпы, алғанда айтайын дегеніміз, қол алысып ықыласпен амандасу арқылы әркім өзіне деген қарым-қатынасты қалыптастырады, мәдениеттілігін көрсетеді. Өзін әдепті, үлгілі етіп көрсеткен адамға басқалардың да жақын болғысы келетіні кәміл.

Басқасын қояйық, білегіңізді беріп амандаспаңызшы...

АПЫРАЙ, Ә!

Соңғы кездері елімізде алаяқтық оқиғалар тым жиілеп барады. Статистикалық мәліметтерде жыл басынан бері 6 айда алаяқтық қылмыс бойынша сот барлығы 92 адамға қатысты 87 қылмыстық іс қарап аяқтаса, оның ішінде 51 адамға қатысты 48 қылмыстық іс бойынша айыптау үкімдері шыққан. Ал 41 адамға қатысты 39 қылмыстық іс ақталмайтын негізбен өндірістен тоқтатылып, қаулы түріндегі сот актілері қабылданған.

Алаяқтық қоғам дертіне айналып барады

Алаяқтық қылмыстардың басым бөлігін әйелдер жасаған. Соның бір мысалы, Қызылорда қалалық №2 сотында ІІІ есімді азаматша ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бабы 2-бөлігімен алаяқтық қылмысы бойынша кінәлі деп танылып, түпкілікті 2 жыл 6 айға бас бостандығынан айырылды. Жазасын қылмыстық атқару жүйесінің қауіпсіздігі орташа мекемесінде өтейді.

төменгі пайызбен несие алып беремін және баласын жұмысқа тұрғызып бере алатыны жайлы сенімнен кіріп, түрлі сомда ақша алып, алаяқтық жасаған. Алаяқтардың жәбірленушілерді алдау тәсілдері әркілі. Жер телімдерін, жеңілдікпен пәтер, банктерден кедергісіз жедел несие алу, жұмысқа орналасу сияқты мұқтажықтарды шебер пайдаланады.

Өйткені олар да заңсыз жолмен ойлаған мақсаттарына жетуіге ұмтылады.

Мысалы, қаралған қылмыстық істердің арасында кей жәбірленушілер мемлекеттік бағдарлама аясында пәтер алу үшін өзінің бұрынғы пәтерін сатып не оны басқа біреудің атына рәсімдеп, тағы да пайда көру үшін кезектен тыс пәтер алмақ болған әрекеттер бар. Сөйте тұра, сол қылмысын жасырып алаяқтарға берген ақшасын «Қарызға бердім» деп, заңсыз жолмен делдал арқылы пәтер алуға әрекет жасағанын мойындамайды. Көп жағдайларда жәбірленушілер өздерінің заңға қайшы әрекеттерін жасырып, тіпті құқық қорғау органдарына да хабарламайды. Соның салдарынан алаяқтық қылмыстар дер кезінде ашылмай, қылмыстың алдын алуға кедергі келтіреді.

Мұндай қылмысты дәлелдеу қиын, себебі алдау фактілерін объективті түрде дәлелдеуді қажет етеді. Алаяқтарға жең болатын анқаулар бір емес, бірнеше рет істі болғандарға жем болып жататын оқиғалар да жиі кездеседі. Сондықтан пара беріп үй аламыз, жер аламыз деместен бұрын жақсылық ойлану қажет.

А.АБДУМАНОВ,
Қызылорда облыстық прокуратурасының басқарма аға прокуроры.



Сотталушы жәбірленушілерге жергілікті банктерден ірі көлемде жеделдетіп

Осы орайда жәбірленушілердің де іс-әрекеттеріне тоқталмасқа болмайды.

СЕРГЕК

Айшаның күміс жүлдесі

Ташкент қаласында тасквондодан жасөспірімдер арасында өткен Әлем чемпионатында жерлесіміз Айша Әділбекқызы күміс жүлдені иемденді. Бұл – ел тарихында тасквондо бойынша жоғары жетістік.



Әлемнің 65 елінен мықтылар сынаға түскен сайыста жерлесіміз Айша Әділбекқызы 44 келіде өнер көрсетті. Қарсыластарын жеке-жеке тізе бүктіріп, жеңіске бір табан қалғанда жерлесіміз ирандық спортшыға есе жіберіп алды. Үш дүркін Қазақстан чемпионы деңгейіне көтерілген ол ирандық спортшысын жеке-жеке жіберген қателістерін өзіне сабақ болады деп отыр.

– Маған шапшаңдық жетіспеді. Ол шалт қимылдайды екен. Мен өзімнің осал тұсымды анықтадым. Болашақта мұндай қателіктер жібермеуге тырысамын. Мақсатым – Олимпиада чемпионы болу. Мен әрдайым өз мақсатыма жетуге дағдыланғанмын, – дейді Айша Әділбекқызы.

Әлем чемпионатынан 8 медаль

Ташкентте белбеу күресінен жасөспірімдер арасында өткен Әлем чемпионатында Сыр спортшылары облыс қоржынына 8 медаль салды.

Байрақты бәсекеге облыстан 12 спортшы қатысты. Оның сегізі биік белестерді бағындырып, жүлделі орындарды иеленді. Сондай-ақ, спортшылар ҚР спорт шеберіне кандидат нормативін орындады. Олардың қатарында күміс жүлде иегері Дарын Балтабай мен қола медальға қол жеткізген Алтынбек Әмірәлі, Назерке Әбілтаева, Әйгерім Кеңесова, Мейірман Қоқангаев, Аружан Думан, Жұлдыз Жұмахан және Дамир Мұнайтапсов бар.



Тоғызқұмалақшылар кубок иеленді

Шығыс Қазақстан облысындағы Алақол демалыс аймағында тоғызқұмалақтан ҚР Тоғызқұмалақ спорты федерациясының кубогы өтті. Дүбірлі додада облыстың құрама командасы 1 орынды жеңіп алды.

Команда құрамында Хәкімжан Елеусінов, Сәбит Шүленбаев, Бексұлтан Бостандықов, Ақерке Кенжебекова, Қызжібік Әбілда және Ұлдана Махамбетәмин сынаға түсті. Ал жекей есепте Қызжібік Әбілда мен Дамир Ахметов федерация кубогының жеңімпазы атанса, Хәкімжан Елеусінов пен Ақерке Кенжебекова қола жүлдені иеленді.



Сыртта алтын, елде күміс алды

Ақтауда мүмкіндігі шектеулі спортшылар арасында жағажай волейболынан ел чемпионаты мен халықаралық турнир қатар өтті.



Жерлестеріміз халықаралық турнирде алтын медаль жеңіп алса, ел чемпионатында күміс жүлдені еншіледі. Халықаралық турнирде Шыңғыс Медеуов, Кенжетай Жұмағазиев, Мұхтар Қамысбаев құрама сапында сынаға түссе, ел чемпионатында Алмат Манабаев, Самат Әуезов, Бейбіт Кейкіев өнер көрсетті. Тартысты додада жерлесіміз Шыңғыс Медеуов халықаралық турнирдің «Үздік ойыншысы» атанды.

Әзірлеген
Дәулет ҚЫРДАН.

КІРПШ САТЫЛАДЫ

Керамикалық кірпіш сатылады (250x120x88мм). Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбітшілік 78Б. Байланыс телефондары: 87013359650, 87770582469, 87772350747. (6-6)

Қалалық білім бөлімі кәсіподақ комитеті, №145 орта мектеп ұжымы әріптесіміз

Сматова Салтанат Қанбекқызының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған туыстарына қайғы-ларын ортақтасып, көңілі айтады.



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

“АК” - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.